

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының шешімімен
2016 жылғы «__» _____
№ _____ хаттама
(№ __ хаттамаға қосымша)
«БЕКІТІЛДІ»

**«Қазақтеңізкөлікфлоты»
ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2015 жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

Ақтау қ-сы, 2016 жыл

МАЗМҰНЫ:

1.	ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	3
2.	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4
3.	КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ	4
4.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ	4
5.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ	6
6.	ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ	7
7.	КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ	8
8.	КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ	10
9.	КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ	11
9.1.	Өндірістік бағдарламаның орындалуы	11
9.2.	SWOT-Талдау	14
9.3.	Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы	24
10.	САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	18
11.	КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	19
12.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	1
12.1.	Басқару құрылымы	21
12.2.	Қадағалау Кеңесі	22
12.3.	Басқарма	24
12.4.	Тексеру комиссиясы (тексеруші)	26
13.	КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ	29
14.	БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ	30
14.1.	Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті	30
14.2.	Қауіпсіздікті басқару жүйесі	31
14.3.	Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау	34
14.4.	Қоршаған ортаны қорғау	36
15.	КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	42
17.1.	Кадрлық саясат	42
17.2.	Кадрларды даярлау	43
17.3.	Демеушілік және қайырымдылық көмек	44
18.	АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ	44

1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі Төрағасы Н.Н.Шмановтың үндеуі

Құрметті достар!

Біз үшін 2015 жыл Қазақстан Республикасының теңіз сауда кеме қатынасының қаз басып дамуында кезекті елеулі жылдардың бірі болды. Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС оралымды және құзырлы іс-әрекет алуы арқасында отандық сауда флотының батыл әрі эволюциялық дамуын жалғастыру мүмкіндігін берді. Осы күрделі және сындарлы кезеңде Компания тарапынан қабылданған шешімдер «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС басшылығының жоғары құзырлық және кәсіби деңгейін танытты. Компания қалыптасқан бизнес бағыттарда өзі үшін жаңа мүмкіндіктерді ашты, атап айтқанда танкерлерді жаңа маршруттарға тартып, қаржы-экономикалық көрсеткіштердің төмендеуіне жол бермеді.

Осы орайда, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ірі жетістіктерінің бірі – бұл оның өз қызметінде теңіз көліктік-логистикалық процестерін ұйымдастыру мен басқарудың заманауи әдістерін басшылыққа алуы болды. Бұл шығындарды оңтайландыру, флот кемелерін және экипаждарды неғұрлым оңтайлы пайдалануға ықпалын тигізе отырып, компания мен отандық теңіз сауда кеме қатынасы саласының одан әрі өсуі үшін резерв қалыптастыру мүмкіндігін берді. Осылайша, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС даму стратегиясын дәйекті және бірте-бірте іске асыра отырып, еліміздің алдына белгіленген мақсаттардың бірі - Қазақстан Республикасының отыз неғұрлым дамыған әлем елдерінің қатарына бірігуіне елеулі және қомақты үлесін қосты.

Мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесінің атынан компанияның клиенттері мен серіктестеріне жыл бойы ҚТКФ көрсеткен қолдауы үшін алғысымды білдіремін. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметкерлерінің адал әрі ерен еңбегі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қазақстандық кеме қатынасында озат компания ретінде танылуына жол ашты.

2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры (Басқарма Төрағасы) М.К.Ормановтың үндеуі

Құрметті достар!

Өткен 2015 жыл «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС өсіп-өркендеуі және дамуы тарихында жаңа кезең болды. Компания ғаламдық экономиканың өсуі кезеңінің сәтті мезгілі сияқты ғаламдық экономиканың дағдарысқа ұшыраған кезеңінде өз қызмет аясын дамытуға және одан әрі сапалы кеңейтуге қолжетімді болғанын дәлелдей түсті.

Қазақстан мұнайын мұнай құбырлары арқылы сыртқы нарыққа тасымалдау маршруттарын дамытуға байланысты 2015 жылы мұнайды Ақтау порты арқылы ауыстырып тиеу көлемдерінің төмендеуі байқалды. Алайда, компания операциялық қызметін оралымды құрылымдауы арқасында танкерлік флоттың Каспий теңізінде бос тұрып қалуына жол бермеді.

Өткен 2015 жылы бірден бір авариялық жағдайлар тіркелмеді, бұл өз алдына «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметінің жоғары сенімділік деңгейінің растамасы болды.

Қазіргі таңда Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутек шикізатының кен орындарын игеру жөніндегі жобаларға, атап айтқанда ТШО Болашақ кеңейту жобасына «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС кеңінен тарту бойынша жұмыс қолға алынып, ойдағыдай жүргізілуде.

Осы ретте, біздің басым жағдайларымыздың бірі әлеуметтік жауапкершілік болып табылатындығы сөзсіз. Біз, Қазақстанда теңіз білімін алуда қолдау көрсетуде, экономиканың дамуына және өңірлерде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жеке рөлімізді ұғынамыз. Бірақ, біз үшін маңызды міндеттердің бірі - «Қазақтеңізкөлікфлоты» кемелерінің капитандары мен экипаждарына, жағалаулық бөлімшелердің қызметкерлеріне қашанда да қамқорлық жасау болмақ.

Құрметті әріптестер мен достар! «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының атынан Жалғыз қатысушыға, клиенттер мен серіктестерге қолдау көрсетіп, жоспарларымызды іске асыруға қолғабыс тигізгені үшін шынайы алғысымды білдіремін. Осы ретте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС еңбек сіңген қызметкерлеріне, кемелердің капитандары мен экипаж мүшелеріне, жағалаулық қызметкерлерге олардың кәсіби деңгейі мен адал жұмысы үшін дән ризамын.

3. КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ

МИССИЯСЫ:

Каспий өңірі сияқты Каспий теңізінің акваториясынан тысқары суларда қауіпсіз, сенімді және тиімді теңіз тасымалын қамтамасыз ету үшін ұлттық теңіз сауда флоты мен сервистік флотты одан әрі дамыту.

ПАЙЫМДАУЫ:

Бүгінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС - жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, халықаралық біріктірілген кеме компаниясы деп танылды.

4. КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қаңтар

- ҚТКФ меншігіндегі кемелермен құйылмалы мұнай жүктерін Түрікменстан порттарынан Баку мен Махачкала порттарына тасымалдау басталды.

- «Тенгизшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасы (бұдан әрі – ТШО БКЖ) үшін Каспий жіктеліміндегі сүйреткіштер мен баржалардың кеме жасауы бойынша Инвестициялық жобаға бастамашылық танытылды.

Наурыз

- Ақтау қаласында ҚТКФ жаңа кеңсе орын-жайы қатарға қосылып, пайдалануға берілді.

Сәуір

- ҚТКФ бастамашылық танытуымен (Еуразиялық экономикалық комиссиясына (бұдан әрі – ЕЭК)) ЕЭК кәсіпкерлік қызметін дамыту департаменті Махачкала портында сүйреткіштермен ұсынылатын қызметтерге, соның ішінде ҚТКФ кемелері үшін тарифтерді азайту бойынша жұмысты қолға алып, ойдағыдай жүргізді.

Ресей Федерациясы Тарифтер жөніндегі федералдық қызметінің 29.04.2015 жылғы №129-т/3 бұйрығымен Махачкала портында ұсынылатын сүйреткіш қызметтеріне белгіленетін тарифтер бекітілді.

Мамыр

ҚТКФ бастамашылығымен тасып әкелінетін қазақстандық паромдарға кедендік пұрсаттылықтарды ұсыну бойынша жұмыстар жүргізілді, ҚТКФ қызметкерлері ЕЭК кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу жөніндегі кіші комитеті жұмыс тобының мүшелері болды.

ЕЭК алқасының 19.05.2015 жылғы шешімімен (№57 хаттама) тасып әкелінетін теңіз паромдарына қатысты мөлшерлеме 2018 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда кедендік құнның 0%-ы мөлшерінде белгіленді.

Желтоқсан

2013 жылдан бастап ҚТКФ бастамашылығы бойынша Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) Салық кодексіне өзгерістерді енгізу, соның ішінде Қазақстан халықаралық кеме тіркелімінде тіркелген кемелердің қызметін жүзеге асыратын кеме иелері үшін салық пұрсаттылықтарын ұсыну мәселесі бойынша жұмыс жүргізілді. ҚТКФ қызметкерлері Ұлттық Өнеркәсіп Палатасы жанында құрылған ҚР Салық кодексіне толықтыруларды енгізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері болды.

03.12.2015 жылғы «Қазақстан Республикасының салық салу және кедендік әкімшілеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» № 432-Ү ҚРЗ ҚР Заңымен ҚР халықаралық кеме тіркелімінде тіркелген теңіз кемесімен жүк тасымалын жүзеге асыратын салық төлеушіні корпоративтік табыс салығынан босатуға қатысты нормалар қабылданды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағына импортқа шығарылатын теңіз кемелері бойынша есепке алу әдісімен төленетін қосылған құн салығын төлеу мерзімі 2022 жылғы 01 қаңтарға дейін ұзартылды.

5. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Компания қызметінің түрлері:

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді тасымалдау;
- кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- кемелерді жалға беру (кемені жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- бүкіл қойма, сақтау орындары, тоңазытқыш қондырғылары, ангарлар, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдық түрлерінің құрылысын салу, пайдалану және сатып алу;
- отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолінді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;

- кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
- сүйрету жұмыстары;
- теңіз агентінің қызметтері;
- теңіз брокерінің қызметтері;
- стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- кедендік, салық заңнамалары, теңіз тасымалы бойынша сараптама-импорттық операциялар бойынша кәсіби консалтинг;
- кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- кәсіби мамандарды және т.б. даярлау;
- меншіктену құқығымен ҚТКФ тиісті болатын жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;
- заңнамалық актілермен тыйым салынбаған, ҚТКФ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ҚТКФ Жарғысымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру.

6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы теңіз сауда флотының жұмысы елеулі деңгейде бүкіл тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара қатынастарын, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға және оның үйлесімді болуына байланысты болады.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алады, атап айтқанда:

- 1) Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;
- 2) Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
- 3) Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 4) Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
- 5) Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
- 6) Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
- 7) Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
- 8) Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
- 9) Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 10) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран, 2003 жылғы 3 қараша) – ратификацияланды;

11) «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы» БҰҰ конвенциясы (1978 жылғы Гамбург ережесі) – ратификацияланды;

12) Халықаралық еңбек ұйымының №185 теңізшілердің жеке куәлігі туралы конвенциясы – ратификацияланды.

13) РФ Үкіметі және ҚР арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Новосибирск қаласы, 2007 жылғы 4 қазан) – ратификацияланды;

14) Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы арасында Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы аумағынан Каспий теңізі арқылы мұнайды халықаралық нарыққа Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы тасымалдауға ықпалдасу және қолдау көрсету шарты (Алматы, 2006 жылғы 16 маусым);

15) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Алматы қаласы, 2011 жылғы 20 қазан);

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрікменстан Үкіметі арасында теңіз көлігі саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Астана қаласы, 2014 жылғы 29 қараша).

Орта мерзімді перспективада теңізде жүзу қауіпсіздігін, кемелердегі теңізшілердің әлеуметтік мәселелерін, табиғатты қорғау іс-шараларын және басқасын реттейтін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеу міндеті белгіленіп отыр.

7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

7.1. Даму стратегиясы

Қадағалау кеңесінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен бекітілген «Қазақтеңізкөлікфлоты» Стратегиясы оны тұрақты әрі сапалы дамытуға бағыттталып отыр.

ҚТКФ негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын көрсеткіш ретінде барынша компания құнын көбейту болып табылады.

Осы ретте, біз өзімізді ұлттық теңіз операторы ретінде мынадай тиімді қызметтердің жеткізушісі ретінде бағалаймыз:

1. Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау;
2. ашық теңіз арқылы мұнай жүктерін тасымалдау;
3. теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну;
4. қауіпті жүктерді қоса алғанда, жүктердің бүкіл түрлерін паром арқылы тасымалдау.

Ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының Каспий теңізінде және ашық теңізде одан әрі дамуының

оңтайлы факторлары мыналар болып табылады:

- болжамды қазақстандық мұнай қорын 2022 жылға қарай 1,4 млрд.тоннаға, мұнай өндіру көлемін жылына – 35,4 млн.тоннаға дейін ұлғайту; теңіз кен орындарында мұнай өндіру көлемінің өсуі Қазақстаннан мұнайды халықаралық нарыққа, соның ішінде теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемдерінің елеулі өсуіне әкеліп соқтырады;

- жеке инфрақұрылымның болуы: Каспийде Ақтау порты, Мидия портында мұнай терминалы және Қара теңізде Батуми порты, Румынияда МӨЗ; ҚМГ Трейдинг АГ қазақстандық шикі мұнайдың экспорты жөніндегі ұлттық оператордың болуы: қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа өндіру сәтінен түпкілікті тұтынушыға дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

- әрекет үстіндегі теңіз мұнай жобалары бойынша жұмыстарды орта және ұзақ мерзімді перспективада ұлғайту сервистік флот кемелерінің елеулі санына ие болуды қажет етеді;

- халықаралық көлік дәліздерінің негізгі ауыстырып тиеу базасы ретінде Қазақстан Республикасының рөлі (экспорттық және транзиттік әлеуеті);

- бірыңғай қазақстандық көліктік-логистикалық жүйені құру, оның міндеттерінің бірі жер бетіндегі көлік пен теңіз көлігін біріктіру және жүкжөнелтушілер үшін кешенді қызметтерді «бір терезе» және «бір келісім шарт» қағидатымен ұсыну болып табылады.

7.2. Компания қызметінің басым бағыттары ретінде мыналар болып табылады:

1) Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау секторындағы стратегиясы Каспийде танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ретінде лайықты орнын Ақтау порты арқылы қазақстандық мұнай жүктерінің экспорттық ағынын тасымалдау үлесін 100%-ға дейін арттыру арқылы бекемдеу және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, мұнай жүктерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан таза кірістерді ұлғайтуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- ҚазМұнайГаз және ҚР Үкіметінің қолдауымен Оңтүстік бағытты (Ақтау-Баку-Батуми) сақтап қалу және дамыту үшін бар күш-жігерін жұмсау (Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау кезінде ҚТКФ флотын және Қара теңізде Батуми портын тарту);
- Иран бағытында санкциялар аяқталысымен своп-операцияларды бастау;
- мұнайды өндіру мен бөлудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі меншікті флотты пайдалануды қажеттігіне қарай оңтайландыру, мұнай

өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай құю танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін пысықтау;

- ірі жүкжөнелтушілердің (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болу үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін инновациялық технологияларды қолдану, заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық пен әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;
- келешегі зор негізгі серіктес ретінде Қашаған кен орнынан мұнай тасымалдау бойынша жобаларға қатысу;
- ұлттық теңіз сауда флоты үшін отандық порттарда пұрсаттылықтарға, сондай-ақ Қазақстан халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерді пайдалану жағдайында салық жеңілдіктеріне ие болу мәселесі бойынша Жалғыз қатысушы мен ҚР Үкіметінің қолдауына ие болу;
- бизнес-бағыттың, соның ішінде интеграциялық процестер кезінде дамуына оңтайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында ҚР сияқты БЭЖ заңнамаларын жетілдіруге қатысу.

2) ашық теңіз арқылы мұнай жүктерін тасымалдау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау секторындағы стратегиясы ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде транскаратеңіз өңірінде өзінің лайықты орнын бекемдеуге және меншікті ірі салмақты флоттың қуатын өсіру, қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді ұсыну арқылы қазақстандық мұнай жүктерін ашық теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлеміне қатысуда жеке үлесін арттыруға, қазақстандық көмірсутекті шикізатты экспортқа шығарудан қосымша кірістерді алуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізу» ҚМГ көліктік дәлізіне толықтай қолжетімді болу арқылы «ҚазМұнайГаз» компанияларының тобы үшін синергияға қатысу;
- қазақстандық мұнайды экспортқа шығарудың жеткілікті көлемі, ұзақ мерзімді перспективада кемелерге және жүктерді тасымалдауға сұраныс болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болу кепілдігімен «ҚазМұнайГаз» компанияларының тобы сияқты Қазақстаннан экспортқа шығарылатын басқадай жер қойнауы пайдаланушыларының мұнайы мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін ірі салмақты танкерлердің және азық-түлікті таситын танкерлердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;

- қазақстандық мұнай экспортының өзгерістеріне және нарықтық конъюктураға тәуелді болмау мақсатында тысқары мұнай компанияларының жүктерді тасымалдауына қатысу және рентабельділікті қамтамасыз ету жағдайында тысқары мұнай компанияларының көлемдерін тасымалдау үшін ірі салмақты танкерлердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;
- халықаралық мұнай компанияларымен (oil majors approvals) қойылатын жоғары халықаралық талаптарға сәйкес болу үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы арттыру;
- «ҚазМұнайГаз» жән ҚР Үкіметінің қолдауымен ҚМГ мұнайын/ мұнай өнімдерін/ қазақстандық мұнай көлемдерін ашық теңізде тасымалдау жөніндегі Бірыңғай Теңіз Операторы мәртебесіне ие болу;
- ҚТКФ мұнай/мұнай өнімдерін ашық теңізде тасымалдау бойынша жобаларға қатысуы мақсатында тәжірибелі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестестік құру;
- қазақстандық туды көтеріп жүзетін кемелердің ашық теңізге шығу мүмкіндігіне ие болуы мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және оны реттеуге қатысу.

3) Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері

Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері секторында ҚТКФ Стратегиясы КТҚС кен орындарын игеру шеңберінде ұсынылатын бәсекеге қабілетті қызметтер аясын кеңейтуге және оның үлесін ұлғайтуға бағытталып отыр.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қызметтерді сенімді және сапалы ұсынудан нарықтағы үлесін және жиынтық табысты ұлғайту мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін жеке сервистік флотты құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;
- оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша флот қызметтерінің нарықтағы үлесін жеке флот қуатын өсіру есебінен арттыру;
- мамандандырылған сервистік флот кемелеріне жеткілікті сұраныс болған, сондай-ақ осы қызмет бағытының рентабельділігі расталған жағдайда олардың кеме жасауын/ сатып алынуын жүзеге асыру;
- меншігіндегі теңіз мұнай операцияларын қолдау флотын (бұдан әрі – ТМОҚФ) оның бәсекеге қабілеттігін арттыру және КТҚС мұнай-газ жобаларының операторлары үшін қызметтерді ұсыну үшін дамыту;
- ҚМГ қолдауына ие бола отырып, қызметтер тұтынушыларының саны сияқты құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келетін кемелер түрлерін

дер кезінде қатарға қосып, пайдалануға беру мақсатында ТМОҚФ және сервистік флотты дамыту бағдарламасын үйлестіру;

- ТМОҚФ ұсынатын қызметтер сапасын және қауіпсіздігін арттыру мақсатында ҚТКФ флотын OVID (OCIMF – Oil Companies International Marine Forum) халықаралық стандарттары бойынша бірқатар сертификаттау жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- КТҚС теңіз мұнай кен орындарына қызмет көрсету бойынша жобаларда өз рөлін күшейту;
- әрекет үстіндегі КТҚС теңіз мұнай жобалары бойынша теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсететін Бірыңғай Теңіз Операторы мәртебесіне ие болу бағытында жұмыстану және КТҚС жаңа жобаларға қызмет көрсету жөніндегі оператор құқығына ие болу;
- КТҚС теңіз көлігі қызметтерін ұсыну саласында ҚР заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу;
- мұнай теңіз жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну саласында бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін ірі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестікті серіктестің инновациялық технологиялар мен дистрибуторлық арналарды қолдану есебінен құру.

4) Бүкіл жүк түрлерінің паромдық тасымалы

Паромдық тасымалды жүзеге асыру секторындағы стратегия мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін «Қазақтеңізкөлікфлоты» қызмет түрлерін әртараптандыруға, жаңа кірістер көзін құруға бағытталып отыр.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- Жалғыз қатысушының және ҚР Үкіметінің қолдау көрсетуімен жеке қазақстандық флотты құру және оның паромдық тасымал нарығына шығуына бар күш-жігерін жұмсау;
- осы қызмет бағыты рентабельді болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болуы кепілдігімен паромдық кемелердің кеме жасауын/сатып алынуын жүзеге асыру;
- паромдық тасымалда лайықты орнын бекемдеу, өйткені осы қызмет түрі теріс әсерін тигізуі мүмкін мұнай нарығының өзгерген жағдайында тұрақтылық қорын қамтамасыз етеді;
- қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру жағдайында ұсынылатын қызметтердің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келуі;
- жүктердің қауіпті жүктерді қоса алғанда, бүкіл түрлерін паромдық өткелдер арқылы тасымалдау құқығына артықшылықпен ие болуды қамтамасыз ету үшін Ұлттық тасымалдаушының мәртебесін пайдалану;
- ҚР аумағы арқылы аралас тасымал және жүктерді тасымалдау операторы ретінде мультимодальдық тасымалға қатысу;

- Мультимодальдық тасымалдың бір бөлігі ретінде паромдық қатынасты ұйымдастыру;
- паромдық қатынасты ашық теңіз бассейніне шыға отырып, интермодальдық тасымалдың бір бөлігі ретінде ұйымдастыру.

8. КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

1) «ТШО БКЖ үшін Каспий жіктеліміндегі сүйреткіштер мен баржалардың кеме жасауы» Инвестициялық жобасы

Жоба бойынша құжаттар жинағы әзірленіп, ҚТКФ/ҚМГ Инвестициялық комитетінің қарауына шығарылды.

Мынадай корпоративтік шешімдер қабылданды:

- ҚТКФ ИК 12.01.2015 жылғы шешімімен (№ 01/ИК/2015 хаттама) Жоба бойынша құжаттар жинағы мақұлданды;
- ҚМГ ИК 29.01.2015 жылғы шешімімен (№ 1-15 хаттама) Жоба ҚМГ Инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілді, ол бойынша өтінім мақұлданды, ЖҚ әзірлеуге қаражат бөлу мәселесі мақұлданды.

2) «Екі әмбебап жабдықтаушы кеме менің кеме жасауы/оларды сатып алу және пайдалану» Инвестициялық жобасы

Жоба бойынша құжаттар жинағы әзірленіп, ҚТКФ/ҚМГ Инвестициялық комитетінің қарауына шығарылды.

Мынадай корпоративтік шешімдер қабылданды:

- ҚТКФ ИК 28.09.2015 жылғы шешімімен (№ 2 хаттама) Жоба бойынша құжаттар жинағы мақұлданды;
- ҚМГ ИК 02.12.2015 жылғы шешімімен (№ 20-15 хаттама) Жобаның Жобалау құжаттамасы қаперге беріліп, Жобаны іске асыру жағдайы ресурстық база расталғанға дейін уақытша тоқтатылды.
- Жоба бойынша бейне-ролик әзірленді.

9. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

9.1. Өндірістік бағдарламаның орындалуы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Нақты 2013	Нақты 2014	Жоспар 2015	Нақты 2015	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
							7(%)=4/3	8(%)=6/5	9(%)=6/4
A	1	2	3	4	5	6			
1	Мұнай тасымалдау Барлығы, соның ішінде	мың тонна	8 879	9 606	7 945	7 033	108%	89%	73%
1.1	Ақтау-Махачкала бағыты бойынша	мың тонна	5 114	4 667	3 625	2 724	91%	75%	58%

1.2	Ақтау-Баку бағыты бойынша	мың тонна	2 779	2 677	2 594	1 115	96%	43%	42%
1.3	Қара теңіз бағытында	мың тонна	2 335	1 919	1 031	915	82%	89%	48%
1.4	Жерорта теңізі бағыты бойынша	мың тонна	0	70	0	694			991%
2	Түрікменбашы-Баку бағыты бойынша	мың тонна	3 765	4 940	4 320	4 308	131%	100%	87%
3	Экспедиторлық қызметтер	мың тонна	1 882	3 394	2 880	2 175	180%	76%	64%
4	Құрғақ жүктерді тасымалдау	мың тонна	1 883	1 546	1 440	2 133	82%	148%	138%

ҚТКФ есеп беру кезеңі ішінде жалпы мұнай тасымалдау көлемі 7 033 мың тонна немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 89 % (7 945 мың тонна) құрады.

Тасымалдау бағыттары бойынша:

Ақтау-Махачкала – 2015 жылғы есеп беру кезеңі ішінде тасымалдау көлемі 1 115 мың тонна мұнайды немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 43% құрады (2 594 мың тонна).

Жоспар көрсеткіштерінің орындалмауы сайып келгенде мұнай тасымалдау көлемдерінің төмендеуінен болды (мұнай көлемдерін мұнай құбырлары жүйесі бойынша бағдарлау және мұнай жеткізілімін ішкі тұтыну үшін – Caspi Bitum зауытына жүргізу).

Жоғарыда атап көрсетілген себептерге байланысты тасып шығарылған мұнай көлемі 2014 жылға ұқсас кезеңмен салыстырғанда тасымал көлемінің 42 %-ын құрады.

Баку порты бағытында (Сангачал порты, Дюбенди порты) 2015 жылы 915 мың тонна мұнай тасымалданды немесе ол жоспарлы көрсеткіштің 89 %-ын (1 031 мың тонна) құрады.

2015 жылғы 01 маусымнан бастап ТШО Ақтау портынан жүргізілетін мұнай тиелімін аталмыш маршруттың бәсекеге қабілетсіздігі салдарынан тоқтатты. КТК өткізу қабілеттігін кеңейтуге байланысты ТШО өзіне тиісті бүкіл мұнай көлемін КТК мұнай құбырлары жүйесі арқылы экспортқа шығарды. Осылайша, жоспар көрсеткіштерінің орындалуы 2014 жылмен салыстырғанда 48 % құрады.

Қара теңіз арқылы тасымалдау көлемі 2015 жылы 2 175 мың тонна немесе жоспарлы көрсеткіштің 76 %-ын құрады (2 880 мың тн). Оның ішінде 2 092 мың тонна көлемінде тасымалданған мұнай «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» тиісті болды немесе ол жоспардың 73 %-ын құрады. Жоспарлы көрсеткіштердің орындалмауы есеп беру жылының бастапқы айында Қара теңіз бассейнінде ауа-райының қолайсыз жағдайларынан болды. Бұдан басқа, жүкжөнелтуші «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» тарапынан есеп беру жылында Мидия порты бағыты бойынша көздерірілген ҚМГ Төрағасының қол қойған Хаттамасы шеңберінде келісілген рейс санымен салыстырғанда ай сайынғы тиелім санының төмендеуі байқалды. Жеке флоттың бос тұрып қалуын

болдырмау мақсатында тысқары жүкжөнелтушілерге тиісті мұнай 83 мың тонна көлемінде тасымалданды.

2014 жылға ұқсас кезеңмен салыстырғанда тасып шығарылған мұнай көлемі 64% құрады.

Жерорта теңізі бағытында 2015 жылы 2 133 мың тонна мұнай тасымалданды немесе ол жоспарлы көрсеткіштің 148 %-ын (1 440 мың тонна) құрады. Жоспардың асыра орындалуы кемелер тиелімінің төмендеуі салдарынан Қара теңіз бағытындағы маршруттарды Жерорта теңізі бағытында бағдарлауға байланысты болды.

Аталмыш бағыт бойынша тасып шығарылған бүкіл мұнайдың 842 мың тонна көлемі «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» тиісті болды. Сондай-ақ, есеп беру кезеңі ішінде тысқары тасымал көлемі 1 291 мың тонна болды.

2014 жылға ұқсас кезеңмен салыстырғанда тасып шығарылған мұнай көлемі 138% құрады.

Түрікменстан бағыты бойынша

Есеп беру кезеңі ішінде осы бағыт бойынша тасымалдау көлемі 694 мың тонна құрады. ҚТКФ 2015 жылы Ақтау портынан мұнай тиелімінің жоспарлы төмендеуін есепке ала отырып, 2014 жылғы желтоқсанның аяғында Түрікменстан порттарынан Махачкала және Баку порттарының бағытында мұнай тасымалдауға жасасқан келісім шартқа қол қойды. 2015 жылғы 01 қаңтардан бастап ҚТКФ танкерлері түрікмен мұнайын тасып шығаруды қолға алды.

Экспедиторлық қызметтер

2014 жыл бойынша мұнайдың экспедиторлық қызметтері 1 349 мың тонна немесе жоспар көрсеткіштерінің 150 %-ын (900 мың тн) құрады. Жоспардың асыра орындалуы тысқары ұйымдармен тасып шығарылған ТШО тиісті мұнай көлемдеріне экспедиторлық қызметтерді ҚТКФ тарапынан ұсыну арқылы жүзеге асырумен байланысты болды.

2014 жылға ұқсас кезеңмен салыстырғанда тасымал көлемдерінің төмендеуі Ақтау-Баку бағыты бойынша мұнай тасымалдаумен (ТШО көлемдері) байланысты болды, өйткені аталмыш бағыт экспедиторлық қызметтерді ұсынудың бірден бір бағыты болды. Төмендеу себептерінің бірі осы компанияның КТК мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай тасымалдаудың баламалы маршрутын пайдалануы болды.

9.1.1. Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау


Негізгі қызмет нәтижелері:

- 2015 жылы ТШО компаниясымен Тенгиз мұнайын теңіз арқылы тасымалдауға жасасқан Келісім шарттың әрекет ету мерзімі ұзартылды. Келісім шартты ұзарту мерзімі 01.01.2015 жылдан 30.06.2015 жылға дейін

жарты жыл құрады. Осы кезең ішінде ТШО 01.01.2015 жылдан 30.06.2015 жылға дейін тасымалдануға тиіс Тенгиз мұнайының 720 мың тн бекітті.

- «Тенгизшевройл» ЖШС (ТШО) үшін көліктік-экспедиторлық қызметтерді ұсынуға жасасқан келісім шарттың әрекет ету мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

АҚТАУ ПОРТЫНАН МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ



№2 Кесте

	2001 ЖЫЛ	2002 ЖЫЛ	2003 ЖЫЛ	2004 ЖЫЛ	2005 ЖЫЛ	2006 ЖЫЛ	2007 ЖЫЛ	2008 ЖЫЛ	2009 ЖЫЛ	2010 ЖЫЛ	2011 ЖЫЛ	2012 ЖЫЛ	2013 ЖЫЛ	2014 ЖЫЛ	2015 ЖЫЛ
Ақтау портынан мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі	5,0	5,5	7,0	8,3	8,9	9,9	9,2	8,9	11,3	9,5	8,0	7,1	6,3	6,0	3,5
ҚТКФ күшімен тасымалдау	0,2	3,2	2,6	4,1	4,7	4,8	4,6	5,2	7,1	6,1	5,9	5,9	5,1	4,6	2,7
Жеке флотпен					0,8	1,7	2,2	2,4	2,2	3,2	4,0	3,9	3,7	3,7	1,1
Қара теңіз арқылы тасымалдау								0,5	0,2	1,0	3,4	5,5	3,8	4,9	4,3
Ақтау портынан тасымалдаудың нарықтағы үлесі	4%	58%	37%	49%	53%	48%	50%	58%	63%	64%	74%	84%	81%	77%	77%
Ақтау портынан жеке флотпен тасымалдаудың нарықтағы үлесі	0%	0%	0%	0%	9%	17%	24%	27%	19%	34%	50%	55%	60%	62%	31%

2015 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР БОЙЫНША СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР


Негізгі маршруттық желілер:

2015 жылы ҚТКФ танкерлері мына желілерде пайдаланылды:

- «Ақтау-Махачкала»;
- «Ақтау-Баку (Сангачал терминалы)»;
- «Ақтау-Баку (Дюбенди терминалы)»;

- Түрікменстан порттары – Баку/Махачкала».

2015 жыл бойынша Ақтау портынан мұнайды тасымалдау




ТШО мұнайын Баку портына тасымалдау

2015 жылы ТШО барлығы шикі мұнайдың жиынтық көлемі 1 349 мың тн асыра 123 танкерлік топтамасын экспортқа шығарды. Оның ішінде ҚТКФ үлесі – 66 танкерлік топтамасын (720 мың тонна) және КАСПАР - 57 танкерлік топтамасын (629 мың тонна) құрады.

ТШО мұнайын тасымалдауға ҚТКФ меншігіндегі 4 танкер тартылды (ТК Ақтау, Атырау, Орал және Астана). Жылдың бастапқы айларында ТШО мұнайын тасымалдау көлемдері орташа есеппен айына 340 мың тонна құрады және II-тоқсаннан бастап 233 мың тоннаға дейін барды (шамамен 110 мың тонна). Әуел бастан ТШО Ақтау портынан айына мұнайды 180-200 мың тонна көлемінде тасымалдауды жоспарлады, бірақ баламалы экспорттық маршрут ретінде Қара теңіздегі ауа-райының қолайсыз жағдайлары салдарынан ТШО Ақтау портында I-тоқсанда тенгиз мұнайын тасымалдау көлемін ұлғайтты. Осы орайда бастапқы ТШО көлемдеріне «ТК Ақтау» және «Атырау» танкерлері белгіленді, бірақ бекітілген көлемдердің ұлғаюына байланысты ҚТКФ ТШО үшін қосымша «Орал» және «Астана» екі танкерін белгіледі. 2015 жылғы маусым айынан


ТШО мұнайын тасымалдау үлесі



бастап ТШО Ақтау порты арқылы мұнай тасымалын уақытша тоқтатты. ТШО мұнайын тасымалдаудан түскен кірістер 11,3 млн АҚШ долларынан жоғары болды.

Мұнай тасымалы (Ақтау – Махачкала)

Махачкала порты бағытында тасымалдау 1784 мың тн құрады, оның ішінде ҚТКФ күшімен 1 115 мың тн (63 %) мұнай тасымалданды. Тасымалдауға тұрақты негізде ҚТКФ меншікті 2 танкері (Алматы және Астана) және жүйелі түрде ҚТКФ басқадай меншікті танкерлері және Мобилекс (Қазақстан) және Прайм Шиппинг (Ресей) компанияларынан жалға алынған кемелер тартылды.




Танкерлерді пайдаланудың статистикалық деректері

2015 жылы Ақтау портынан мұнайды тасымалдауға ҚТКФ, КАСПАР, Мобилекс, ВФ Танкер Лтд. және Прайм Шиппинг компанияларының танкерлері тартылды.

2015 жылы ҚТКФ күшімен (жалға алынған кемелерді есепке алғанда) Каспий арқылы мұнай тасымалдау көлемі 3 772 мың тн құрады және барлығы 376 рейс жасалды.


Соның ішінде, ҚТКФ жеке флотымен 2 606 мың тонна мұнай тасымалданды және барлығы 288 рейс жасалды.

Әрбір ҚТКФ танкерімен тасымалданған мұнай және жасалған рейстер:



МҰНАЙ БОЙЫНША ЭКСПЕДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

2015 жылғы 12 ай қорытындылары бойынша мұнайдың экспедиторлық қызметтері 1 349 мың тн немесе жоспардың 148 %-ын құрады.



ҚТКФ көліктік-экспедиторлық қызметтерді тек қана ТШО үшін ұсынады.

МҰНАЙДЫ АШЫҚ ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ

Қара теңіз бен Жерорта теңізі порттары бағытында мұнайды тасымалдау бойынша өндірістік көрсеткіштердің 2015 жылғы 12 ай қорытындылары бойынша орындалуы **4 308 мың тонна** немесе жоспарлы көрсеткіштің **110%-ын** (4 320 мың тонна) құрады.

Порт бағытында тасымалданған мұнай көлемі:

- Қара теңіз порттарына **2 175 мың тонна**;
- Жерорта теңізі порттарына **2 133 мың тонна**.

Меншігіндегі танкерлермен ашық теңіз арқылы тасымалданған мұнай көлемі:

- «Алтай» танкері – 20 рейс жасалды, 1 661 мың тонна тасымалданды;
- «Алатау» танкері – 19 рейс жасалды, 2 133 мың тонна тасымалданды.

9.1.5. Сервистік флот қызметтері

Есеп беру кезеңі ішінде мынадай жұмыстар орындалды:

1. «Каспий техникалық флоты» компаниясы үшін Құрық поселкесінен Баутин поселкесіне дейін «Дон» жерснаряды сүйретіп шығарылды («Есіл» сүйреткіші тартылды). Түскен кірістер 1 400 АҚШ долларын құрады.
2. Қашаған үшін 40 000 тн тас түрлері тасымалданды (2 сүйреткіш пен 6 баржа тартылды). Кірістер 1 162 785 АҚШ долларын құрады.
3. Энка компаниясы үшін «ТС Орал» сүйреткіші 226 тәулікке тайм-чартерге берілді. Түскен кірістер 373 950 АҚШ долларын құрады.
4. АМӨЗ үшін ірі көлемді модульдер тасымалданды (2 сүйреткіш пен 2 баржа тартылды). Түскен кірістер 113 000 АҚШ долларын құрады.
5. «Волга-Балтик Логистик» компаниясы үшін Астрахань портынан Баку портына дейін «СПА-2» баржасы сүйретіп шығарылды («Ертіс» сүйреткіші

тартылды). Түскен кірістер 70 000+69 562 (демередж) =139562 АҚШ долларын құрады.

6. «Van oord» компаниясы үшін Баутин поселкесінен Қашаған кен орнына дейін 2 объектіні сүйрету («Есіл» сүйреткіші тартылды). Түскен кірістер 48 000 АҚШ долларын құрады.

7. «Van oord» компаниясы үшін Қашаған кен орнынан КСОІ базасына дейін 3 объектіні сүйрету (Телман). Түскен кірістер 104 000 АҚШ долларын құрады.

8. «Van oord» компаниясы үшін Баутин поселкесінен КСОІ базасына дейін (Телман) 4объектіні сүйрету. Түскен кірістер 80 000 АҚШ долларын құрады.

9. Жаңа Түрікменбашы портының құрылысы үшін “GAP Insaat” компаниясына ұзақ мерзімді тайм-чартерге 4 баржаны оларды ҚТКФ сүйреткіштерімен Түрікменбашы портына сүйретіп жеткізу арқылы тапсыру. Түскен кірістер 176 294 АҚШ долларын құрады.

10. Сәтпаев Оперейтинг теңіз кен орындары үшін қамтамасыз етуші кемені пайдалануға беру. Түскен кірістер 2 656 649 АҚШ долларын құрады.

11. Н Оперейтинг теңіз кен орындары үшін қамтамасыз етуші кемені пайдалануға беру. Түскен кірістер 3 484 780 АҚШ долларын құрады.

9.1.6. 2016 жылға арналған жоспарлар

Каспий өңірі:

Belvion Group – 1 000 мың тонна (Ақтау-Махачкала).

Euro-Asian Oil (комполит) - 150 мың тонна (Ақтау – Дюбенди).

Түрікменстан порттарынан – жыл бойы 5 (бес) танкерді пайдалану жоспарлануда.

Кемелердің бос тұрып қалуын болдырмау мақсатында ҚТКФ 2015 жылғы қараша айының аяғында мерзімін 2016 жылдың аяғына дейін ұзарта отырып, Түрікменстан – Баку / Махачкала порттарының желісі арқылы мұнай тасымалдау үшін танкерлерді жалға алуға 4 айға кепілді келісім шарт жасасты. Осы келісім шарт шеңберінде 2015 жылғы 01 желтоқсаннан бастап ҚТКФ танкерлері мұнай тасымалдауды жүзеге асырып бастады.

Ашық теңіз (Қара теңіз бен Жерорта теңізі): 4 320 мың тонна.

ТШО болашақ кеңейту жобасы

ТШО (БКЖ) қосалқы өндірістік құрылыстардың есебінен Тенгиз кен орнында мұнайды өндіру көлемін жылына 12 млн тн дейін өсіруді көздестіруде. Осы құрылыстар іргетасы ірі көлемді секциялардан салынып, олардың жеткізілімін теңіз арқылы жүргізу көздестірілмек. ҚТКФ 2015 жылғы қаңтарда ТШО атына Каспий теңізі бойынша модульдерді тасымалдауға өзінің тендерлік ұсынысын жолдады. Келісім шарттың жоспарланып отырған сомасы 100 млн АҚШ долларын құрады.

Басқадай жұмыстар:

- ҚТКФ 2015 жылы Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығымен және ҚР ККМ бірлесе отырып, Қазақстан Республикасында Теңіз порт әкімшілігін құру бойынша жұмысты қолға алды;
- ҚТКФ 2015 жылы Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығымен бірлескен жұмысты ойдағыдай жүргізді және ҚР салалық және басқадай заңнамаларын, сондай-ақ басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру мәселесі бойынша «KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені қауымдастығы» ЗТҰ жұмысына қатысты.

ҚТКФ ашық теңізде теңіз операцияларын жүргізуге қатысты жұмыстарға қатысуы

2015 жылы ҚТКФ бойынша ҚМГ, RompetrolGroup, ҚМГ БӨ және «Казтрансойл» компаниялары басшылығының деңгейінде ашық теңізде ҚТКФ қызметінің тиімділігін арттыру, соның ішінде өз меншігіндегі Афрамакс үлгісіндегі танкерлермен мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауға қатысты бірқатар отырыстар жүргізілді.

2015 жылы ҚТКФ бойынша ҚМГ қаражаты есебінен «Афрамакс типтес 2 мұнай құю танкерінің құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану» жобасы шеңберінде АТФ Банктан алынған займды қайта қаржыландыру бойынша жұмыстар қолға алынып, ойдағыдай жүргізілді.

ҚТКФ 2015 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберіндегі жұмыстарға қатысуы:

- БЭК мемлекет-қатысушыларында су көлігі бөлігінде қызметтердің саудасы және инвестициялары туралы Келісімді пысықтау және жеке ұсыныстарын енгізу;
- Еуразиялық экономикалық одақ шартының Жобасын пысықтау және жеке ұсыныстарын енгізу;
- РФ ішкі су жолдары бойынша ҚР мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелердің жүзу тәртібі мен талаптары туралы РФ және ҚР арасындағы Келісім жобасы бойынша қолға алынған жұмысты одан әрі жалғастыру;
- Еуразиялық экономикалық комиссиясы (ЕЭК) Су көлігі жөніндегі кіші комитетінің отырыстарына қатысу;
- ЕЭК Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу жөніндегі кіші комитетінің отырыстарына қатысу;

Сондай-ақ:

- ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (ЭБЖМ) «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын

дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» жобасына теңіз көлігі бөлігінде ҚТКФ қатысуы, таныстыру материалдары мен тақырыптық материалдарды әзірлеуі;

- мұнайды Ақтау портына дейін тасымалдау бойынша т/ж тарифтерінің өсуі жөніндегі отырыстарға қатысу; аталмыш мәселеге қатысты материалдар сұраныс берген тарапқа әзірленіп, жолданды;
- ҚТКФ Жалғыз қатысушының қатысуымен өткізілетін алқалық жиналыстарға, отырыстарға, мемлекеттік, уәкілетті органдардың отырыстарына қатысуы шеңберінде басшылық үшін анықтамалық-талдамалық және таныстыру материалдарын әзірлеу;
- ҚР көліктік-логистикалық жүйесін құруға қатысты жүргізілетін отырыстарға қатысу;
- Үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүргізілетін жұмыстар.

9.2. SWOT-ТАЛДАУ

Алдағы уақытта ҚТКФ стратегиялық дамуын және теңіз көліктік қызметтер секторын айқындау үшін орта және ұзақ мерзімді келешегін есепке ала отырып, SWOT-талдау жүргізілді. Ол әлсіз тұстарды бәсеңдетуді және қатердің жағымсыз әсерін төмендетуді есепке ала отырып, басым тұстарды және қалыптасып отырған нарықтық мүмкіндіктерді барынша тиімді қолдану мүмкіндігін береді.

БАСЫМ ТҰСТАРЫ:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұлғасында Жалғыз қатысушының тікеден тік-біріктірілген мұнай-газ компаниясы ретінде лайықты беделге ие болуы;
- Жоғары білікті ұлттық кадрлар құрамының болуы;
- Мұнай жобалары операторларының (Шеврон, Аджип, Шелл, Петронас) клиент ретінде біліктілік талаптарға сай танылуы және сәйкес болуы;
- жүзу құрамын үзбей оқыту, тәлімгерлік тәжірибе беру, оларға баға беру және біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүйесін іске асыру, сондай-ақ теңіз мамандары мәртебесін көтеру үшін кәсіби оқу орындарымен жұмысты жүзеге асыру есебінен кадрлық резервті кеңейту;
- Кемелерді қауіпсіз басқару және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі Халықаралық кодекс (ХҚБЖ) талаптарына сәйкес келетін, Білікті қоғамның Сәйкес келу құжатымен (СКК) мақұлданған және танылған Қауіпсіздікті басқару жүйесінің болуы;
- ISO 9001 сапа менеджменті жүйесі, ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесі, OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау

менеджменті жүйесі саласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ҚТКФ бойынша сертификатталған Менеджментінің біріктірілген жүйесінің болуы.

ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ:

- теңіз саласында тиісті деңгейде жетілдірілмеген мемлекеттік реттеу;
- инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық ресурстардың (жеке және сырттан тартылатын) жеткілікті көлемде болмауы;
- займға алу лимиттерінің төмен мөлшері салдарынан займ капиталына қолжетімді болудың шектеулері;
- КТҚС теңіз кен орындарын игеру бойынша көмекші флотты орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада қажетсінуді айқындау үшін қажетті ҚМГ ЕТҰ синергиясының болмауы.

МҮМКІНДІКТЕРІ:

- КТҚС мұнай-газ секторын белсенді дамыту, ол флот қызметтерін қажетсінуді арттырады;
- Бизнес географиясын кеңейту және ҚТКФ флотын пайдалану мақсатында ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдары бойынша бөгетсіз жүзіп өтуі;
- Еңбек өнімділігін ынталандыруға бағытталған уәждемелеу жүйесін қолданысқа енгізу;
- Іс-тәжірибесімен және басқару технологияларымен өзара алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін озат халықаралық біріктірілген кеме компанияларымен серіктестік қатынастарды дамыту;
 - ҚТКФ қызметінің жаңа бағыттарына әлемдік деңгейдегі жоғары білікті мамандарды тарту.

ҚАТЕРЛЕРІ

- әлемдік тауар нарығы, әсіресе мұнай нарығы конъюктурасының тұрақтамауы, бұл Каспий теңізі арқылы тасымалдау қызметтерін қажетсінуді болжамдау мүмкіндігін қиындата түседі;
- Флот бірліктерінің санын ұлғайтуға, өз мемлекетінің Үкіметі тарапынан қолдауға ие болуға (пұрсаттылықтар, жеңілдіктер және т.б.) бағытталған бәсекелестердің іс-әрекеті, ҚТКФ қызметтер нарығының аясын кеңейту үшін қосымша кедергілердің (тарифтер, алымдар, қағидалар және т.б.) қалыптасуы;
- білікті кадрлардың (техникалық мамандар) тұрақтамауы, бұл флотты пайдалану сапасы мен қауіпсіздігіне теріс әсерін тигізеді;
- мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдаудың баламалы түрлерін (мұнай құбырлары, т/ж) дамыту.

9.3. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

мың теңге

№	Көрсеткіштер	Нақты	Нақты	Жоспар	Нақты	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
		2012	2013	2014	2014	6 (%) = 3,2	7 (%) = 5,4	8 (%) = 5,3
А	І	2	3	4	5			
1	Кірістер, соның ішінде:	18 190	21 364	18 037	20 175	117%	112%	94%
1.1	Өнімді сатып өткізу және қызметтерді ұсынудан түскен кірістер	18 019	20 602	17 401	19 741	114%	113%	96%
1.2	Қаржыландырудан түскен кірістер	136	113	33	112	83%	342%	98%
1.3	Өзге кірістер	35	649	603	322	1833%	53%	50%
2	Шығыстар, соның ішінде:	18 899	18 852	17 592	18 403	100%	105%	98%
2.1	Өзіндік құны	16 107	16 022	14 522	15 013	99%	103%	94%
2.2	Сатып өткізу бойынша шығыстар	45	35	28	80	79%	286%	229%
2.3	Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 374	1 774	2 075	2 064	129%	99%	116%
2.4	Қаржыландыру шығыстары	1 016	1 001	967	1 185	98%	123%	118%
2.5	Өзге шығыстар	357	20	0	60	6%		300%
3	Салық салынғанға дейінгі табыс (шығын)	-709	2 513	445	1 772	-354%	398%	71%
4	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	-97	457	18	512	-469%	2896%	112%
5	Асыра түскен табысқа салынатық салық шығыстары							
6	Азшылық үлесті шегергенге дейінгі жиынтық табыс	-611	2 056	427	1 260	-336%	295%	61%
7	Азшылық үлесі							
8	Жиынтық табыс	-611	2 056	427	1 260	-336%	295%	61%
9	Күрделі қаржы жұмсалымы, барлығы	1 062	2 365	1 910	2 199	223%	115%	93%

10. САЛАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

- ҚТКФ даму стратегиясына сәйкес саланы дамытудың негізгі перспективалары сыртқы және ішкі факторларды есепке ала отырып, бұрынғы деңгейінде:

- Құйылмалы мұнай жүктерін Ақтау порты арқылы тасымалдау кезінде Оңтүстік (Транскаспий) маршрутын сақтап қалу;

- Иран бағытында қалыптасқан своп-операцияларды қалпына келтіру;

- РФ ішкі су жолдары бойынша ҚТКФ кемелерінің кедергісіз жүзіп өтуі арқылы ҚТКФ бизнес географиясының аясын кеңейту;

- Әлемдік нарықта мұнай тасымалын ұйымдастыру арқылы ҚМГ компанияларының топтары үшін құрылған синергияға қатысу;

- сенімді және сапалы ұсынылатын қызметтерден нарықтағы жеке үлесін ұлғайту, жиынтық табыс көру мақсатында КТҚС оффшорлық

жобалары үшін меншікті сервистік флотты құру арқылы қызметтерді ұсыну аясын кеңейту;

- мұнай өнімдерін, астықты, халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ түрлі үйілген жүктерді экспортқа және импортқа шығарудың қосымша мүмкіндіктеріне ие болатын жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру.

11. КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚТКФ қызметі белгілі бір тәуекелді өз мойнына алатындығы сөзсіз. Тәуекелді тиімді басқару компания стратегиясы мен қызметінің негізін қалайтын элементтердің бірі болып табылады. Тәуекелді дәлме-дәл және уақтылы анықтау, оған баға беру және басқару бүкіл басшылық деңгейінде шешім қабылдау процесін қолдай отырып, стратегиялық мақсаттарға және негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесі компоненттерінің бірі ретінде өз қаржы-шаруашылық қызметі мен беделіне теріс әсерін тигізуі мүмкін тәуекелді уақтылы сәйкестендіруге және оның деңгейін төмендету жөніндегі шараларды алуға бағытталған тәуекелді басқару маңыздылығын толықтай ұғынады.

Тәуекелді басқару жүйесін (бұдан әрі – ТБЖ) қолданысқа енгізу «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және ҚМГ компаниялары тобының Корпоративтік тәуекелді басқару жүйесінің ұсыныстарын орындау шеңберінде жүзеге асырылады, осыған сәйкес корпоративтік тәуекелді басқару жүйесін қолданысқа енгізу Тәуекелді басқару жүйесінің COSO (Тредвей комиссиясы демеушілік ұйымдары комитеті / The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

ҚТКФ жоғары басшылығы, оның бүкіл деңгейдегі менеджерлері мен қызметкерлері тәуекелді басқаруға тұрақты негізде қатысады және осы процесті жүргізу шеңберінде жүктелген тиісінше міндеттерді атқарады.

ТБЖ құрылымында негізгі элементтердің бірі ретінде әрбір қызметкер тұлғасында ҚТКФ құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері) тәуекелді басқару процесінде негізгі рольге ие болатындығын ұғынады. ҚТКФ қызметкерлері тәуекелге қатысты жұмысты тұрақты негізде жүргізіп отырады, тәуекелді басқарады және оның өз қызметтік міндеттерін атқару саласында әлеуетті ықпал етуіне мониторингі жүргізеді.

Компанияда тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің алғышарттарын қалыптастыратын оның негізгі компоненттері анықталған тәуекелді басқару жөніндегі іс-шараларды қолданысқа енгізу, сондай-ақ осы сияқты тәуекелге жүйелі мониторингі жүргізу болып табылады.

Тәуекел санаттарын анықтау және тәуекелді одан әрі өзектендіру тәуекелге баға беру және ҚТКФ қызметіне теріс әсерін тигізуі мүмкін тәуекелді айқындау мүмкіндігін береді.

ҚМГ компаниялары тобы бойынша жалпы корпоративтік ТБЖ шеңберінде ҚТКФ тәуекелі жөніндегі есептілік қалыптастырылды, соның ішінде:

1. Жоспарлы жылға ҚТКФ тәуекелінің қарқындылығын талдау нәтижелері бойынша қалыптасқан тәуекел туралы есептеме. Аталмыш есептілік ҚТКФ ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін бүкіл елеулі тәуекел бойынша ақпаратты, соның ішінде бір жыл аясында құрылған бизнес-жоспардың мақсаттары мен көрсеткіштерін қамтиды.

2. Қаржы тәуекелі бойынша есептеме, соның ішінде:

- контрагент-банктердің міндеттемелері бойынша лимиттерді игеру туралы есептеме;
- валюталық тәуекел шамасы туралы есептеме;
- елдің тәуекелдігі туралы есептеме;
- валюта бөлігінде проценттік алшақтық.

ТБЖ дамыту шеңберінде іске асырылған негізгі іс-шаралар мен бастамашылықтар тізбесін мыналар құрады:

- тәуекел есептілігін өзектендіруді және іс-шаралардың орындалу мәртебесін қадағалап отыруды қоса алғанда, ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметінің тәуекеліне тоқсан сайынғы мониторингі жүргізу рәсімін орындау;
- инвестициялық жобаларды тәуекелді есепке алу және бағалау толымдылығын мәніне сараптама жүргізу жұмысын ұйымдастыру және оны өткізу;
- мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесе отырып, ҚТКФ корпоративтік тәуекелін сақтандыру арқылы кешенді қорғауды қамтамасыз ету.

Ықтимал жағымсыз тәуекел оқиғаларын іске асырудан қаржы салдарын мейлінше азайту үшін мүліктің зақымдалуымен/жоғалуымен, үшінші тұлғалардың алдында азаматтық жауапкершілікпен, сондай-ақ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына нұқсан келтірумен байланысты тәуекелді сақтандыру жүзеге асырылады. Бұдан басқа, теңіз кемелерінің корпусын және олардың тетіктерін сақтандыру, су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүзеге асырылады.

ТБЖ жалпы корпоративтік дамыту шеңберінде 2016 жылға жоспарланған негізгі іс-шараларды мыналар құрады:

- Тәуекелді сапалық және сандық бағалау әдістері мен тәсілдерін жетілдіру;
- Тәуекелді басқарудың қоржындық әдісін дамыту;
- Тәуекел жөніндегі есептілікті, соның ішінде стратегиялық тәуекел және қаржы-шаруашылық қызметінің тәуекелі жөніндегі есептілікті дер кезінде өзектендіру;
- Корпоративтік тәуекелді басқару саласындағы әдіснаманы жетілдіру;
- Бизнес-жоспарлау және бюджеттеу процестерінде ТБЖ элементтерінің неғұрлым тығыз бірігуі.

2015 жылы 2 тәуекел іске асырылды, ол ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне ықпалын тигізді.

- Ұлттық валютаның (теңге) шетелдік валютаға (доллар) қатысты құнсыздануы. Тәуекелдің туындау себептерінің бірі – теңгені құнсыздануы. Тәуекелге баға беріліп, ол іске асырылды, тәуекелді басқару бойынша шаралар алынды. Бизнес-жоспарға тиісінше түзетулер енгізіліп, тарифтік саясат қайта пысықталды.
- ҚТКФ сүйреткіштері мен баржаларын жалдауға орта мерзімді және ұзақ мерзімді келісім шарттар жасасқан жоқ. Тәуекелдің туындау себептерінің бірі – «Қашаған» жобасында аралдардың құрылысы бойынша жобаны іске асыру тоқтап қалды. Тәуекелге баға беріліп, ол іске асырылды, тәуекелді басқару бойынша шаралар алынды. Кемелерді пайдаланудың жаңа бағыттарын айқындау, жаңа тапсырысшыларды іздестіру бөлігінде мониторингі және нарықты жан-жақты зерделеу жүргізілді. Өндірістік бағдарламаға және бюджетке тиісінше түзетулер енгізілді.

ҚТКФ қызметкерлердің білім алуына жағдайлар жасауда, басқарудың заманауи стандарттары мен рәсімдерін қолданысқа енгізе отырып, тәуекелді басқару мен бақылаудың ретке келтірілген және ықпалды жүйелерін әзірлеу бағытында жұмыстануда.

ТБЖ іркіліссіз дамыту және жетілдіру ҚТКФ үшін сыртқы және ішкі ортада орын алған өзгерістерге уақтылы ден қою, қызмет тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, ҚТКФ құнын сақтап қалу және оның құнын (құндылығын) өсіру мүмкіндігін бермек.

12. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

12.1. Басқару құрылымы

ҚТКФ Жарғысының 7-бабына сәйкес ҚТКФ бойынша мына органдар көздестірілді:

1. жоғары орган – Жалғыз қатысушы;
2. қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
3. алқалы атқарушы орган – Басқарма;
4. бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші).

ҚТКФ Жарғысының 1.3-тармағына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

Қадағалау кеңесі қадағалау органы ретінде ҚТКФ атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асырады және 3 (үш) мүше құрамында құрылады.

Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен 3 (үш) жылға сайланады. Қадағалау кеңесінің Төрағасын Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындайды.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі болып тек қана жеке тұлға сайланады. Ол серіктестіктің атқарушы органына бір мезгілде мүше болып сайлана алмайды.

Басқарма атқарушы орган ретінде ҚТКФ істерін жүргізеді және оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Атқарушы орган Жалғыз қатысушы және Қадағалау кеңесі алдында есеп береді және Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарманы ҚТКФ Басқармасының төрағасы (Бас директор) басқарады.

Басқарма мүшесі өз міндеттерін орындау кезінде ҚТКФ мүдделігін таныта отырып, адал және парасатты әрекет етеді.

ҚТКФ мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Тексеру комиссиясы (тексеруші) бақылаушы орган ретінде ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ жылдық қаржы есептілігін Жалғыз қатысушымен ол міндетті түрде бекітілгенге дейін тексереді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы/Директорлар кеңесі деңгейінде ҚТКФ қызметі жөнінде әртүрлі шешімдер қабылданды.

ҚМГ Басқармасының шешімдері

№4 Кесте

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№ 9	25.02.2015 ж.	ҚТКФ Басқармасы құрамының адам санын, өкілеттік ету мерзімін айқындау және оған мүшелерді сайлау туралы
№ 17	07.04.2015 ж.	ҚТКФ Жарғысына толықтыруларды енгізу туралы
№ 23	30.04.2015 ж.	ҚТКФ 2014 жылғы жеке және шоғырландырма қаржы есептіліктерін бекіту және ҚТКФ 2014 жылғы таза табысын бөлу, ҚТКФ 2014 жылғы жылдық есептемесін бекіту туралы
№ 24	14.05.2015 ж.	ҚТКФ Басқармасы мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және оған жаңа мүшені тағайындау туралы
№ 39	26.08.2014 ж.	ҚТКФ Жарғысына өзгерістерді енгізу және ҚТКФ Басқармасы туралы қағиданы бекіту туралы

12.2. Қадағалау кеңесі

«ҚТКФ» ЖШС Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес Қадағалау кеңесін сайлау, оның өкілеттік ету мерзімін

айқындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

2015 жылдың ішінде ҚТКФ Қадағалау кеңесінің құрамына мыналар енгізілді:

Кесте 5

Қадағалау кеңесінің төрағасы	Нұртас Нұрибекұлы Шманов	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының көліктік инфрақұрылым жөніндегі орынбасары
Қадағалау кеңесінің мүшелері	Шара Бақытжанқызы Таңатарова	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі директоры
	Бауыржан Құсайынұлы Валиев	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай мен газды тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті директорының орынбасары

2015 жылдың ішінде ҚТКФ Қадағалау кеңесі деңгейінде мынадай шешімдер қабылданды:

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№01-15/ҚК	31.03.2015 ж.	ҚТКФ ұйымдық құрылымын жаңа редакцияда бекіту туралы
№02-15/ ҚК	16.04.2015 ж.	ҚТКФ 2015-2019 жылдарға арналған түзетулер енгізілген Бизнес-жоспарын бекіту туралы ҚТКФ Корпоративтік хатшысына 2014 жылғы үшінші және төртінші тоқсан бойынша сыйлықақы беру туралы
№03-15/ ҚК	30.06.2015 ж.	ҚТКФ басшы қызметкерлерінің Уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштерін орындаудың нақты мәндерін бекіту және 2014 жыл бойынша сыйақы төлеу туралы
№04-15/ ҚК	22.07.2015 ж.	ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2015 жылғы Уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы
№05-15/ ҚК	30.09.2015 ж.	ҚТКФ қызметкерлерінің жалпы адам санын және ұйымдық құрылымын бекіту туралы ҚТКФ басшы және басқарушы қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидасын бекіту туралы ҚТКФ басшы қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу қағидасын бекіту туралы ҚТКФ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету

		қағидасына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы
№06-15/ ҚК	15.10.2015 ж.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басшы қызметкерлердің салықтарды және басқа да міндетті аударымдарды ұстап қалғанға дейінгі Лауазымдық қызметақылар сұлбасын бекіту туралы</p> <p>ҚТКФ Бас директорының (Басқарма төрағасы) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметақыларын, еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын айқындау туралы</p> <p>ҚТКФ Есеп саясатына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы</p>

12.3. Басқарма

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарма қызметінің негізін ҚМГ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді. 2015 жылы ҚТКФ Басқармасы мүшелерінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- ҚМГ Басқармасының 25.02.2015 жылғы хаттамалық шешімімен (№9 хаттаманың 7-тармағы) мынадай шешім қабылданды:

1. ҚТКФ Басқармасының адам саны – 5 (бес) адам болып айқындалды. ҚТКФ Басқармасының өкілеттік мерзімі 2018 жылғы 21 қазанға дейін деп айқындалды.

2. ҚТКФ Басқармасына 2015 жылғы 26 ақпаннан бастап өкілеттік ету мерзімі 1 (бір) жылға мыналар тағайындалды:

- Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов;
- Алтынай Төлегенқызы Уәлиева.

ҚМГ Басқармасының 14.05.2015 жылғы (№24 хаттаманың 1-тармағы) ҚТКФ Басқармасының мүшесі Алтынай Төлегенқызы Уәлиеваның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Басқармаға жаңа мүшені: Марат Қайыржанұлы Базыловты сайлау туралы шешім қабылданды.

ҚМГ Басқармасының 30.07.2015 жылғы хаттамалық шешімімен (№ 39 хаттаманың 1-тармағы) ҚТКФ Басқармасының қағидасы бекітілді.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы қағидаға сәйкес жүзеге асырады. 2015 жылы ҚТКФ Басқармасының 19 отырысы өткізілді, пысықталған мәселелер саны – 48.

2015 жылы ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен оның мүшелеріне сыйақы төлемдері жүргізілді.

2015 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайына Басқарма құрамындағы адамдар туралы мәлімет:

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Марат Көшкінбайұлы Орманов

Басқарма мүшелері:

- 1) Бас директордың теңізде жүзу қауіпсіздігі және флотты пайдалану жөніндегі орынбасары – Марат Қайыржанұлы Базылов;
- 2) Коммерциялық директор – Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- 3) Қаржы директоры – Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- 4) Құқықтық қамтамасыз ету және сатып алулар департаментінің директоры – Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

2015 жылы ҚТКФ Басқармасымен мына құжаттар бекітілді:

- 1) «Автокөлікті басқару қағидасы» ҚТКФ.045 КСТ;
- 2) «Техникалық кеңес туралы ереже» ҚТКФ.071 КСТ;
- 3) «ҚТКФ қызметкерлерінің жиналыстарын (мәжілістерін) өткізу тәртібі туралы қағида» ҚТКФ.025 КСТ;
- 4) «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар және іс-тәжірибе» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағида» ҚТКФ.103 КСТ;
- 5) «ҚТКФ ішкі коммуникациялары бірыңғай жүйесінің қағидасы» ҚТКФ.040 КСТ;
- 6) «ҚТКФ объектілерін жөндеу, құрылысын салу және техникалық жай-күйін қадағалау» ҚТКФ.023 КСТ;
- 7) «ҚТКФ ЖШС Жастар ісі жөніндегі кеңесі туралы ереже» ҚТКФ.105 КСТ;
- 8) Жастар саясатын бекіту;
- 9) «Сыртқы нормативтік және ақпараттық құжаттарды басқару қағидасы» ҚТКФ.005 КСТ;
- 10) «ҚТКФ ЖШС активтері мен объектілерін бағалау туралы есептемелермен жұмыс және активтердің құнсыздануын тексеру туралы қағида» ҚТКФ.104 КСТ;
- 11) «Бос қызмет орындарына конкурстық іріктеу және ҚТКФ персоналын бейімдеу қағидасы» ҚТКФ.026 КСТ.

12.4. Тексеру комиссиясы (тексеруші)

2015 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайына ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданған жоқ.

13. Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының меншік құрылымы

ҚТКФ тобының құрамына оның 100 % еншілес ұйымдары ретінде «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) кіріп отыр.

Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ 7 Кесте

№ р/н	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС құрылымындағы ұйым атауы	Үлесі	Шоғырландыру жағдайы	Шоғырландыру әдісі (қатысу үлесіне, құнына толық, барабар)
1	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	толық
2	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	толық
3	Altai Shipping Ltd	100%	иә	толық
4	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	толық

ҚТКФ активтерінің құрылымына мыналар кіріп отыр:

1) Сауда флоты:

- меншікті 12,000 тонналық «АСТАНА», «АЛМАТЫ» мұнай құю танкерлері, салмағы 13 000 тонналық «АТЫРАУ», «АҚТӨБЕ», «ОРАЛ» танкерлері;
- салмағы 12,000 тонналық «ТК Ақтау» танкері – қаржы лизингі;
- әрқайсысы 115 000 тонналық ірі көлемді «АЛТАЙ», «АЛАТАУ» мұнай құю танкерлері – займ қаражаты есебінен сатып алынды.

2) **Теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ)** 13 бірлік, оның ішінде:

– меншікті «ҚТКФ-1», «Орал», «Ертіс» магистралдық сүйреткіштері және «Есіл», «Тобыл» магистралдық сүйреткіштері - қаржы лизингі;

- жүккөтерімдігі әрқайсысы 3 600 тонналық «КМГ» топтамасындағы меншікті баржа-алаңшалар: «КМГ-101», «КМГ-102», «КМГ-103», «КМГ-104», «КМГ-105» және жүккөтерімдігі әрқайсысы 3 600 тонналық «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108» - қаржы лизингі.

3) өзге объектілер:

14. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі халықаралық стандарттардың талаптарын оларды компанияда қалыптасып отырған сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты жүйелерге енгізу арқылы сақтай отырып, шығыстарды азайту және табысты ұлғайту, компанияның әлемдік нарықта беделін арттыру мақсатында бизнестің тиімді әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыру үшін кемелерді қауіпсіз, тиімді және үнемді пайдалану болып табылады.

14.1. Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті

Менеджменттің біріктірілген жүйесін (сапа, экология, қауіпсіздік) Халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін ҚТКФ тұрақты дамуының алғышарты ретінде бағалаған жөн.

Қазақстан Республикасын дамытудың 2050 жылға дейінгі Стратегиясына, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы №28 өкімімен бекітілген қазақстандық кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға жеделдетіп өткізу бойынша Жұмыс жоспарына сәйкес ҚТКФ бойынша **Менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ)** қолданысқа енгізілді.

ИСО 9001 ХС, ИСО 14001 ХС, ОHSAS 18001 талаптарына сәйкес келетін стандарттардың жиынтығы әлемдік үздік тәжірибені ашып көрсетеді және сапа, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау негізінде тұрақты бизнес тұжырымдамасына бағдарланады. ҚТКФ МБЖ басқарушылық процестерді үйлестіру мүмкіндігін бере отырып, осымен кемелерді жалдау нарығында қалыптасқан жоғары бәсекелестік жағдайларында қосымша артықшылықтарды қалыптастыра отырып, сенімділік, баға беру тұрғыдан ҚТКФ мәнін арттыра түспек.

ҚТКФ МБЖ 2004 жылғы мамырда «Орыс Тіркелімі» сертификаттау қауымдастығы тарапынан алғашқы рет сертификатталып, жыл сайын жүйелі аудиттерден (тексерістер) өтіп отырады.

2015 жылғы сәуірде ҚТКФ менеджменті біріктірілген жүйесіне оның «Сапа менеджменті» 9001:2008 ИСО ХС, «Экологиялық менеджмент» ИСО 14001:2004 ХС және «Кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау» ОHSAS

18001:2007 сәйкес келу мәніне тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижелері ҚТКФ тарапынан клиенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыра отырып, сапалы қызметтерді ұсыну мүмкіндігіне ие болуын, конвенциялық сияқты жақын болашақта әлемнің негізгі өңірлерінде экологиялық менеджментті дамыту стратегиясын айқындайтын ең жоғары экологиялық талаптарды басшылыққа алу, сондай-ақ жарақат алу оқиғаларына қатысты «нульдік төзімділікке» жету мүмкіндігін растайды.

ҚТКФ мына салаларда өз Саясатын айқындады:

- сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау;
- алкогольдік ішімдіктерді және есірткі препараттарын қолдануға қарсы;
- энергияны үнемдеу.

МБЖ шеңберінде ҚТКФ қызметінің негізгі процестерін сипаттайтын және регламенттейтін оның құжатталған рәсімдері әзірленіп, өзектендірілген күйінде күтіп ұсталуда.

2015 жылға бекітілген ішкі аудит жүргізу кестесіне сәйкес ішкі аудиторлар тобымен ҚТКФ әкімшілік бөлімшелері мен кемелерінде Менеджменттің біріктірілген жүйесіне тексеріс жүргізілді.

ҚТКФ компанияда энергиялық менеджмент жүйесін қолданысқа енгізу және оны алдағы уақытта дамыту стратегиясын айқындау мақсатында жаңа ҚР энергия үнемдеу саясатын басшылыққа ала отырып, конференцияларға, семинарларға, формударға белсенді қатысуда.

ҚТКФ сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында Стратегиялық мақсаттарды жыл сайын қайтара пысықтап, МБЖ жақсарту және дамыту бағыттарын айқындау мақсатында оның жұмысына үнемі талдау жүргізіп отырады.

ҚР Қаулысымен өндірушіден тұтынушыға дейін бүкіл энергетикалық цикл бойы энергияны үйнемдеудің әлеуетін жүйелі іске асыруға бағытталған энергия үнемдеу саласында арнайы Бағдарлама қабылданды.

2012 жылғы 13 қаңтардағы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына сәйкес: мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізім субъектілері (МЭТ) жүргізілген энергиялық аудит нәтижелерінің қорытынды түйіндемесін осы Заң күшіне енген күнінен бастап төрт жыл ішінде алуға тиіс.

ҚР Инвестициялар және даму Министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №387 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік энергетикалық ресурстарды қалыптастыру және оны жүргізу қағидасының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ ҚР Инвестициялар және даму Министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Мемлекеттік энергетикалық тізім операторын айқындау туралы» № 392 бұйрығы негізінде ҚТКФ 2015 жылғы қарашада Мемлекеттік энергетикалық тізім субъектілерінің (бұдан әрі – МЭТ) тізбесіне енгізілді.

Осы орайда, ҚТКФ басшылығы өз алдына энергиялық ресурстарды азайту, ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру және компанияның энергиялық қауіпсіздік деңгейін жақсарту міндетін белгіледі.

2015 жылғы қыркүйекте «Қазақ мұнай мен газ институты» АҚ арасында ҚТКФ бойынша аудит жүргізуге шарт жасасты. 2015 жылғы 31

желтоқсанда ҚТКФ энергия үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру жөнінде қорытынды түйіндемені алды.

ҚТКФ энергиялық аудиті компанияның отын-энергетикалық ресурстарды (электр және жылу энергиясы, табиғи және ілеспе газ, қатты отын және т.б.) тиімді пайдалануына баға беру, ресурстарды үнемдеу және энергия үнемдеу жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу мүмкіндіктерін анықтау мақсатында өткізілді.

ҚТКФ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2014 жылғы 10 қазандағы №08-1-14-08/3812 хатына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қоры Басқармасының 2014 жылғы 14 наурыздағы хаттамалық шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) орындалуына мониторингі жүргізу шеңберінде негізгі энергиялық тиімділік көрсеткіштері жөнінде есептемені ай сайынғы негізде беріп отырады.

14.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесі

Ұлттық тасымалдаушының әлеуетін бекемдеу және Қазақстан Республикасында теңіз саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету арқылы бәсекелестік басымдықты қамтамасыз ете отырып, теңіз индустриясында көшбасшы қатарында ҚТКФ лайықты орнын бекемдеу мақсатында ҚТКФ жыл сайынғы негізгі міндеттерінің бірі ретінде 2006 жылдан компания бойынша қолданысқа енгізіліп, Кемелерді қауіпсіз пайдалану және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекс (бұдан әрі – ХҚБК) талаптарына сәйкес келуі «Ресей теңіз кеме тіркелімі» сыныптаушы қоғамы тарапынан мақұлданған Қауіпсіздікті басқару жүйесінің (бұдан әрі – ҚБЖ) тиімділігін арттыру болып табылады.

Жүйенің тиімділігін арттыру және оны одан әрі жақсарту салаларын айқындау мақсатында ҚТКФ есеп беру кезеңінде ҚБЖ жыл сайынғы талдауын жүргізу кезінде жүйе тиімділігіне өзін өзі бағалау арқылы баға беруді төмендегі аспектілерді ескере отырып, жүргізді:

- ҚБЖ процестерінің жұмысы;
- ҚТКФ жағалаулық және кеме персоналының кеме қатынасы саласында халықаралық конвенциялар талаптарын, ҚР ұлттық заңнамалық базасын және ҚБЖ рәсімдік талаптарын сақтауы;
- компанияны және оның кемелерін куәландыру, инспекциялық аудитті, уәклетті органдардың тексерістерін жүргізу кезінде берілген ескертпелер және оларды мейлінше азайту мақсатында ықпалды іс-әрекет алу;

- жүкжөнелтуші тарапынан қойылған кінәрат-талаптар;
- жеткізушілер тарапынан баға беру;
- жағалаулық және кеме персоналы тарапынан ҚБЖ жақсарту жөнінде ұсыныс енгізу;
- алдыңғы ҚБЖ талдау қорытындылары бойынша әзірленген іс-шаралардың орындалуы туралы басшылық тарапынан баға беру.

ҚТКФ Қауіпсіздікті Басқару Жүйесін куәландыру

2015 жылғы 04 наурыздан 05 наурызға дейін Ресей теңіз кеме тіркелімінің сарапшылары ҚТКФ ҚБЖ жаңадан куәландыруды жүргізді.

Тексеріс мақсаты ҚТКФ ҚБЖ ХҚБЖ талаптарына сәйкес келуінің растамасы ретінде мерзімі 5 жылға компанияның сәйкес келуі туралы құжатты (КСҚ) мына процестерде алуға бағытталды:

- ҚБЖ жөніндегі құжаттаманың өзгерістерімен таныстыру; құжаттаманы басқару;
- компанияның ХҚБЖ бойынша жауапкершілігін тексеру;
- тағайындалған тұлғаның міндеттері;
- Капитанның жауапкершілігі мен өкілеттігі;
- ресурстар және персонал;
- кеме операцияларын орындау (кеме бойынша қолданысқа енгізу, кемелерден баяндама жасау, тәуекелді басқару рәсімдері);
- сәйкес келмеушіліктер, қауіпті жағдайлар және жазатайым оқиғалар туралы баяндамалар (PSC /FSC тексерістері, ҚБЖ сәйкес келмеушіліктері, сәйкес келмеушіліктердің себептерін талдау);
- компанияның авариялық жағдайларға әзір болуы; жағалау-кеме оқу дабылдамасы;
- кемелерді техникалық пайдалану (кеме формулярлары, кеме жөніндегі техникалық құжаттама, аға механиктің баяндамалары, сыныптаушы қоғамның актілері);
- Ішкі аудит; ҚБЖ нәтижелілігі; компанияның ҚБЖ мәселелері бойынша өзін өзі бағалау арқылы баға беру.

Жаңадан куәландыру нәтижелері бойынша Кеме Тіркелімі тарапынан 2 сәйкес келмеушілік, 1 ескертпе (ХҚБЖ 5,6-тармақтары талаптарының орындалмауы) анықталды.

Компанияға мерзімі 2020 жылғы 16 наурызға дейін №15.117.025 сәйкес келуі туралы Құжат берілді.

ҚТКФ ескертпелерді жою және олардың қайтара орын алуына жол бермеу мақсатында түзетулерді енгізу және сақтандыру Іс-әрекет жоспары әзірленді.

Қауіпсіздікті басқару туралы куәлікті алу мақсатында Кеме Тіркелімінің өкілдеріне ҚТКФ ХҚБЖ талаптарына сәйкес келуі шеңберінде ҚТКФ кемелері ҚБЖ ұсынылды.

Атауы	Куәландыру түрі	Өткізу күні	Сәйкес келмеушілік	Ескертпе
ТС ОРАЛ / СвУБ	бастапқы	12.06.2015ж	-	2
ЕРТІС / СвУБ	бастапқы	11.06.2015 ж	2	2
ЕРТІС / СвУБ	қосымша	10.09.2015 ж	-	-
ЕСІЛ / СвУБ	аралық	14.05.2015 ж	-	2
ОРАЛ / СвУБ	жаңадан	27.11.2015 ж	1	1

ҚТКФ бойынша ескертпелерді жою және олардың қайтара орын алуына жол бермеу мақсатында түзетулерді енгізудің және сақтандырудың Іс-әрекет жоспары әзірленді.

ҚТКФ кемелерін оффшорлық аймақта пайдалануға әзір болуды қамтамасыз ету

ҚТКФ есеп беру кезеңінде, ҚТКФ Оффшорлық кемелерді басқарушы компанияның өзін-өзі бағалау арқылы баға беру бағдарламасы бойынша қадағалау аудитіне әзір болуын қамтамасыз ету және теңіз операцияларын қолдау флотының OVRQ сауалнамасы бойынша веттинг-инспекцияларға әзір болуын қамтамасыз ету шеңберінде ҚТКФ жауапты қызметкерлері кемелерді оффшорлық аймақта пайдалану мақсатында мына іс-шараларды жүргізді:

- OVRQ сауалнамасы бойынша әзірленген кеңейтілген чек-парақ бойынша ҚТКФ кемелерінде техникалық инспекцияларды жүргізу процесі қолданысқа енгізілді:

ҚТКФ кемелерінде техникалық тексерістер		
Кеме	Өткізу күні	Ескертпелер саны
ОРАЛ	20.11.2015 ж.	2
ЕСІЛ	25.11.2015 ж.	9
ТОБЫЛ	25.11.2015 ж.	8

- Ағымдағы жылы «Тас түрлерін тасымалдау» және «ТС Орал сүйреткішін жалға алу» жобалары бойынша “Enka Insaat ve Sanayi A.S.” компаниясының өкілдерімен алдыңғы іс-тәжірибені, Nobel Denton компаниясы тұлғасында үшінші тараптың талаптарын есепке ала отырып, “Enka Insaat ve Sanayi A.S.”, ҚТКФ өкілдерімен «Тас түрлерін тасымалдау» және «ТС Орал сүйреткішін жалға алу» 2015

жылғы жобаларының проблемалық мәселелері бойынша түзетулерді енгізудің және сақтандырудың Іс-әрекет жоспары мына бағытта әзірленді:

1. ҚТКФ тарапынан келісім шартты іске асыру кезінде орын алған жағымсыз тұстарды талдау.

2. Тапсырысшының талаптарын белгіленген мерзімде орындау.

3. Ескертпелер санын қысқарту және кезекті келісім шарттарды орындау кезінде олардың қайтара орын алуын болдыртпау мақсатында мына ҚТКФ операциялық процестерін жақсарту:

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидасын, соның ішінде жұмыстарды орындау кезінде ЖБҚ киіп жүру қағидаларын, ТҚ, Е және ҚОҚ жөніндегі күн сайынғы нұсқамалардың берілуін қатаң сақтау арқылы экипаждың ТҚ, Е және ҚОҚ Қағидасын ұстануы.

Қауіпсізді Басқару Жүйесінің талаптарын сақтау және ҚТКФ ҚБЖ сәйкестендірудің үлгілік нысандарын қолдану арқылы берілген хабарламаларға дер кезінде ден қою.

Техникалық инспекциялар мен жалдаушы тарапынан жүргізілген инспекциялардың нәтижелері бойынша мыналар қамтамасыз етілді:

- түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекетін әзірлеу;
- Компанияны басқару жүйесінде әлеуетті кемшіліктерді анықтау үшін есептілікті Жоғарғы басшылық деңгейінде талдау;
- ескертпелерді екінші қайтара болдыртпауға және ҚТКФ ҚБЖ қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған ықпалды іс-әрекетті жоспарлау және оны алу.

ҚТКФ персоналының біліктілігін, құзырлығы мен кәсіби даярлығын арттыру және жетілдіру

ҚБЖ бойынша жауапты ҚТКФ персоналының біліктілігін, құзырлығы мен кәсіби даярлығын арттыру және жетілдіру, сондай-ақ оларды кеме қатынасы саласындағы халықаралық және ұлттық заңнама жүйесіндегі жаңалықтармен таныстыру үшін есеп беру кезеңінде мыналарды жүргізу қамтамасыз етілді:

- ҚТКФ ҚБЖ талаптарын және жүкжөнелтуші қойған талаптарды есепке ала отырып, жоспарлы оқыту және жағалаулық персоналдың хабардар болуы мақсатында Компанияның Тағайындалған тұлғасымен бекітілген «Компанияның Қауіпсіздікті Басқару Жүйесінің рәсімдік талаптарын білу деңгейі шеңберінде Компанияның күнтізбелік техникалық оқу жоспарында» көзделген 8 техникалық оқу (2015 жылғы шілдеден желтоқсанға дейінгі кезеңде); Таныстыру материалдары мына желілік ресурста орналастырылды: COMMON/SAFETY MANAGEMENT SYSTEM/ҚБЖ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЛОК /ТЕХ. ОҚУ;

- «2015 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енген Қауіпсіздікті басқару жөніндегі халықаралық кодекске (ХҚБК) түзетулерді енгізу» оқу семинары, «МАРСТАР» НОУ Санкт-Петербург оқу орталығы, 26.02.2015 жыл, оған ҚТКФ негізгі бөлімшелерінің ҚБЖ үшін жауапты 14 қызметкері қатысты;
- «Компанияның күзет үшін жауапты лауазымды тұлғасын даярлау» бағдарламасы бойынша Компанияның лауазымды тұлғасын оқыту;
- ҚТКФ кемелеріне техникалық инспекция/ Ішкі аудит жүргізу кезінде теңіз және техникалық суперинтенданттармен білесе кеме экипаждарының ҚБЖ талаптарын орындауына бақылау жүргізу және теңізде жүзу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға жіберілген кеме экипаждарына практикалық және түсіндірме беру арқылы көмек көрсету қамтамасыз етілді.

PSC/ FSC мемлекеттік порттық бақылау инспекциялары

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ кемелері халықаралық теңіз конвенцияларының (Түсіністік туралы меморандум, порттың мемлекеті тарапынан бақылау – Париж меморандумы) талаптарын сақтау шеңберінде Ақтау, Махачкала, Аладжи, Астрахань порттарында мемлекеттік порттық бақылаушы инспекторлары тарапынан тексерістерден өтті. PSC ресімдеген есеп құжаттары компанияға кеме капитандары тарапынан дер кезінде беріліп, ескертпелерді жоюға және оларды екінші қайтара болдырмауға бағытталған бірлескен түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекеті пысықталды.

Осы орайда PSC ескертпелерін талдау жүргізу фактісі бойынша 2014 жылдан бастап PSC тарапынан ҚТКФ кемелеріне инспекцияларды жүргізу кезінде ҚТКФ кемелерінің кіру порттарында неғұрлым жиі тексерістерге ұшырауына қарамастан ескертпелер санын мейлінше азайту жағдайына қол жеткізгені байқалды.

2015 жылға белгіленген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу:

- ескертпелерді дереу жоюға бағытталған түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекетін дер кезінде әзірлеу;
- ҚТКФ басқадай кемелерінде орын алған PSC/ FSC ескертпелерін екінші қайтара болдырмауға бағытталған ықпалды іс-әрекетті әзірлеу мақсатында Кеме капитандарының атына Циркулярлық және ақпараттық хаттарды әзірлеу арқылы іске асырылды.

№10 Кесте

Өткізу жері	Тексеріс жүргізу	Ескертпе саны	Ескертпе	Ескертпенің жойылған
-------------	------------------	---------------	----------	----------------------

	күні			күні
т\х ОРАЛ				
Ақтау порты	26.06.2015	2	Кеме құжаттары оларды жүргізу қағидаларына сәйкес келмейді	28.06.2015
			Кеме дәріханашығы толықтай жинақталмаған	08.07.2015
Аладжи порты	02.04.2015	2	Л/Б жүк таңбасын таңбалау қамтамасыз етілмеген	06.04.2015
			Авариялық папкада таныстыру парағы жоқ	02.04.2015
Махачкала порты	18.05.2015	1	Мотоботты су бетіне түсіру туралы нұсқаулық ілінбеген	18.05.2015
Астрахань порты	01.09.2015	-	-	-
Ақтау порты	26.11.2015	-	-	-
ТС ОРАЛ				
Баутин порты	12.06.2015	-	-	-
т\х ЕСІЛ				
Баутино порты	12.06.2015	1	Машина журналы қателіктермен жүргізілген	25.06.2015
Астрахань порты	14.10.2015	1	2015 жылғы 3-тоқсан бойынша Annex 2 жазып көрсетілмеген	15.10.2015
Астрахань порты	03.12.2015	-	-	-

Талдау барысында ҚТКФ кемелерінің портқа кіруі және порттан шығуы кезінде PSC/ FSC тарапынан 16,17,30 кодтарымен белгіленген ескертпелер жасалмағаны анықталды.

2015 жылы ҚТКФ бойынша «Inspections and audits for Company 2.1.1» бағдарламасы қолданысқа енгізілді, ол кемелер сияқты компанияда жоспарланып отырған аудит пен инспекцияларды бақылауды қамтамасыз етеді. Бағдарламаның деректер базасында BIQ және VIQ сауалнамалары бойынша әзірленген чек парақтар көздестірілді. Бағдарламада қалыптасқан сауалнамалардан басқа тысқары тексеруші органдардың сауалнамалары қосымша енгізілуі мүмкін.

ҚТКФ персоналының авариялық жағдайларға әзір болуы

Кеме және жағалаулық персоналдың «Танкерлер үшін 2015 жылға арналған Күнтізбелік оқу жоспары», «Сүйреткіштер үшін 2015 жылға арналған Күнтізбелік оқу жоспары» шеңберінде авариялық жағдайларға

және олардың салдарын жоюға әзір болуы мақсатында 2015 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейінгі кезеңде «Кеме-жағалау-кеме» оқуын қоса алғанда төменде көрсетілген Кестеге сәйкес оқу дабылдамасының мына түрлері өткізілді:

№11 Кесте

Кеме	Жоспарланған оқу саны	Өткізілген оқу саны	Кеме-жағалау оқу саны	Компания тарапынан оқу бойынша жасалған ескертпелер саны	Ескертпе
Орал	118	97	2	16	Кеме 2 ай бойы жөндеуде болды
ТС Орал	95	80	2	17	Кеме 2 ай бойы тұраққа қойылды
Есіл	95	91	3	11	
Ертіс	95	36	1	5	Кеме 6 ай бойы тұраққа қойылды
Тобыл	95	8	1	1	Кеме 10 ай бойы тұраққа қойылды

ҚТКФ кемелерімен өткізілген «Кеме-жағалау» бірлескен оқу-жаттығуларын талдау кеме және жағалаулық персоналдың әлеуетті ықтимал авариялық жағдайларға әзір болуының жоғары деңгейін және уақтылы ден қоюын байқатты.

ҚТКФ кемелерінде өткізілген оқу-жаттығуларға жүргізілген талдау ҚТКФ кемелері экипаждарының авариялық жағдайларға ден қоюға әзір болғанын көрсетті, ол капитандардың жеке үлесіне тиісті. Оның дәлелдемесі ретінде жалдаушы тарапынан ескертпелердің болмағанын, авариялық жағдайларға әзір болу бойынша экипаждардың жоғары талаптарға сәйкес келгенін, сондай-ақ ҚБЖ ұсыну кезінде Сыныптаушы қоғам тарапынан ескертпелердің жасалмағанын атап өткен жөн.

Орын алған уақиғалар, жазатайым оқиғалар, қауіпті жағдайлар фактілері бойынша ықтимал салдарды болдыртпау, қауіпсіздік деңгейін арттыру және ҚТКФ кемелерінде жағымды теңіз практикасына қол жеткізу үшін ҚТКФ кемелерінен есеп беру кезеңі ішінде келіп түскен баяндамаларға талдау жүргізіліп, оның бағыттарының негізгі Тізбесі айқындалды:

1. Жабдық ақаулығы;
2. Экипаждың өз жауапкершілік бөлігінде тиісті бақылаудың болмауы;
3. Экипаждың ҚБЖ рәсімдік талаптарын, Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі қағидасын бұзушылыққа жол беруі.

№12 Кесте

Кеме	NMR саны	Жойылған NMR саны	Жойылмаған NMR саны	Ескертпе
------	----------	-------------------	---------------------	----------

ОРАЛ	8	8	-	
ТС ОРАЛ	6	6	-	
ЕРТІС	8	7	1	Ескертпелерді жою жөндеу жүргізу кезінде жоспарлануда
ЕСІЛ	6	4	2	Ескертпелерді жою жөндеу жүргізу кезінде жоспарлануда

2015 жыл бойынша NMR талдауды жүргізу фактісі бойынша кемелердің экипаждарымен Қауіпсіздік жөніндегі комитет отырысында осы секілде жағдайлардың кемеде туындау себептерін және олардың қайтара орын алуын болдырмауды талдау мақсатында Циркулярлық хат әзірленді.

ҚБЖ маңызды аспектілері

ҚТКФ БКЖ бойынша тендерлік құжатты әзірлеу барысында мыналар қамтамасыз етілді:

- теңізде жүзу қауіпсіздігі және кемелерді гидрометеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етуге қатысты өтінім нысандарын (Proposal Forms) толтыру;

- жүк тиелімін жүргізу портынан (Ерсай-Құрық) жүк түсіру портына (Прорва) дейін жүзіп өту жолдарында ірі көлемді модульдерді қауіпсіз сүйретуді қамтамасыз ету бойынша рәсімдерді әзірлеу;

- Астрахань портынан – Прорва каналына, Құрық портынан – Прорва каналына дейін жүзіп өту маршруттарын талдау.

ҚТКФ мамандары Ақтауда, Астанада, Фарнборода (Ұлыбритания) ТШО БКЖ бойынша ТШО өкілдерінің қатысуымен өткізілген бүкіл отырыстарға қатысты.

ҚТКФ жауапты тұлғалары 2015 жылы ТШО компаниясы ұйымдастырған Ньюкасла (UK) Теңіз академиясында симуляциялық жаттығу құралдарын үлгілерін пысықтауға екі мәрте қатысты. Тәжірибе алушы капитандардың жоба үлгісін пысықтауға қатысуы ұйымдастырушыларға Прорва каналына дейін жасанды теңіз каналын әзірлеу процесі және аталмыш жоба шеңберінде кеме жобаларын әзірлеу үшін қажетті елеулі ақпаратқа ие болу мүмкіндігін берді.

«2016 жылға арналған қаржы тұрақтылығын сақтап қалу бойынша 33 қадам» шараларын орындауға бағытталған ҚБЖ жөніндегі кешенді шаралар

ҚБЖ бойынша «2016 жылға арналған қаржы тұрақтылығын сақтап қалу бойынша 33 қадам» кешенді шараларын орындау шеңберінде есеп беру кезеңінде мыналарды іске асыру көздестірілді:

«Қызмет тиімділігін арттыру және теңіз операцияларын қолдау флотын күтіп ұстау бойынша шығыстарды оңтайландыру» бөлімі; «БЖК арналған шығындарды қысқарту» №15; теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлінген жоспарлы бюджет 2014 жылмен салыстырғанда 40 %-ға мыналар есебінен қысқарды:

- қойма запастарын пайдалану;
 - ТЖҚ құнын азайту мәніне мониторингі және жеткізушілермен жұмыс жүргізілді;
 - кемелерді тұраққа қою;
 - спутниктік байланыс бойынша шығыстар оңтайландырылды, атап айтқанда хабарламаға қоса берілетін 1 МБ 500 КБ дейінгі қосымшалардың лимиті азайтылды;
 - тысқары ұйымдардан алынатын хабарламалардың көлемді қосымшаларын бақылау мақсатында адресаттардың «ақ тізімі» құрылды;
 - BMTARGOSS және AGIP атынан ҚТКФ диспетчеріне кейіннен оны кемеңің тиісінше орналасқан аймағына жолдау үшін қатаң тәртіппен берілетін ауа-райы хабарламалары мен навигациялық жолдамалардың неғұрлым шағын көлемде берілуі қолға алынды;
 - спутниктік терминал арқылы кемелерден интернетке қолжетімділік істен ажыратылды;
 - Кар-Тел (Билайн) компаниясының қызмет көрсету аймағында деректермен алмасу үшін лимитсіз ұялы интернет қызметтері сатып алынды, бұл шығындарды оңтайландыруға елеулі әсерін тигізіп, жағалау және кеме арасында деректермен алмасу жағдайын жеңілдетті;
 - кемелерді тұраққа қою кезінде спутниктік терминалдар істен ажыратылады.
- «Яхта бойынша шығыстар» №28 қадам бойынша шығыстар сомасы 2014 жылмен салыстырғанда 30 %-ға мыналар есебінен қысқарды:
- қойма запастарын пайдалану;
 - тұраққа қою режимі.

ҚТКФ және Порт Теңіз Әкімшілігінің өзара іс-қимылы

ҚТКФ жауапты тұлғалары 2015 жылы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Халықаралық конвенцияларға және басқадай сауда мақсатында теңізде жүзу саласында құжаттарға өзгерістер мен түзетулерді енгізу жөніндегі ұсыныстар шеңберінде заң шығаруға қатысты.

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР Заңының 7-Бөлімінде көзделген міндеттердің және өкілеттіктің «Ақтау және Баутин порттары Теңіз Әкімшілігі» ММ (бұдан әрі – ПТӘ) берілуіне байланысты ҚТКФ қызметкерлері ПТӘ бірлесе отырып, сауда мақсатында теңізде жүзу

саласында ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне ұсыныстарды енгізу бойынша мына жұмыстарды пысықтауға қатысты:

1. Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығының өтінішіне сәйкес қолданыстағы ұлттық заңнаманың және халықаралық конвенциялар нормаларының қайшылықтары;
2. «Прокурор түсіндірме береді» науқанын өткізуге қатысты ҚР Бас Прокуратурасының сұраныс хаты;
3. «Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» бұйрық жобасы.

«Maritime Aid Kazakhstan» ЖШС компаниясы үлгісінде ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалау

ҚТКФ және «Maritime Aid Kazakhstan» ЖШС арасында жасасқан 26.02.2015 жылғы АҒТБЖ жабдықтарына оларды жөндеуді қоса алғанда жағалаулық техникалық қызмет көрсетудің У-10-75/2015 Шарты шеңберінде ұсынылған қызметтерге талдау жүргізілді, мына өтінімдердің орындалмауы анықталды:

№13 Кесте

Кеме	Ақаулық	Себептері	Орындалу мәртебесі	Ескертпе
Ертіс	Өрт дабылқакқышы жүйесінің ақаулығы	Жүйе (жылу, түтін датчиктері) жұмысқа жарамды жай-күйінде. Динамиканы (зуммер) басқасына ауыстыру қажет	Динамик ауыстырылмаған. Орындалған жұмыстар үшін төлемақы жүргізілмеген	Кемені сервистік инженерлер екі мәрте тексерген
Ертіс	АИС ақаулығы	Ж/К мониторын іске қосуға арналған екі диод пен Қоректендіру блогының конденсаторы істен шыққан	АИС жөндеу қамтамасыз етілді, алайда жөндеу және оның төлемақысы уақтылы жүргізілмеген	Кемені сервистік инженерлер екі мәрте тексерген
Тобыл	НАВТЕКС ақаулығы	Дисплей бетінде көлбеу сызықтар пайда болған	Жабдық «Maritime Aid Kazakhstan» ЖШС мамандарына тапсырылған. Жөндеу жүргізілмеген	Жөндеу Астарахань қаласында жоспарланып отыр

ҚТКФ кемелерін оралымды басқару


ҚТКФ кемелерін оралымды басқару және ҚБЖ тиімді күтіп ұстау шеңберінде 2015 жылы негізгі қызмет бағыттары бойынша мына іс-шаралар орындалды:


- авариялық-құтқару, өртке қарсы, сүйреткіш мүлкін және кемелердің радионавигациялық жабдығын куәландыру;
- кемелердің сыныптаушы және мемлекеттік сертификаттарының жарамды мерзімін бақылау және ресімдеу;
- ағымдағы жылғы жылдық сатып алулар жоспарының орындалуын бақылау;
- кеме экипажына «Дельта» бағдарламасы бойынша тесті өткізу;
- «Inspections and audits for Company 2.1.1» жүйесін әкімшілеу;
- Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі талаптарын сақтау шеңберінде ҚТКФ Жоғарғы басшылығы деңгейінде Қауіпсіздік/Сапа/ҚОҚ/Кәсіби қауіпсіздік мәселелері бойынша 3 тоқсандық отырыс өткізілді;
- Кемелердің капитандары және ҚБЖ үшін жауапты негізгі бөлімшелердің басшылары әзірлеген ҚБЖ қайта қарау жөніндегі ұсыныстарға сәйкес Қауіпсіздікті Басқару Жүйесінің Рәсімдері өзектендірілді, 12 Бюллетень әзірленді;
- кеме қатынасы саласының халықаралық және ұлттық заңнамалық жүйесіндегі жаңалықтар шеңберінде, сондай-ақ кемелер экипаждарының ҚБЖ ішкі нормативтік талаптарын және жүкжөнелтушілердің талаптарын сақтау шеңберінде есеп беру кезеңі ішінде 26 циркулярлық хат және 10 ақпараттық хат әзірленді.

Қауіпсіздікті басқару жүйесіне өзін-өзі бағалау арқылы баға беру

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ ҚБЖ талдау және ҚБЖ тиімділігіне өзін-өзі бағалау арқылы баға беру нәтижелері шеңберінде кемелді жүйе коэффициенті сандық мәнінің оң қарқындылығы мына негізгі қауіпсіздік салаларында байқалды:

1. Компанияның саясаты және жауапкершілігі;
2. Персонал және ресурстар;
3. Негізгі операциялардың қауіпсіздігі;
4. Авариялық жағдайларға әзір болу;
5. Сәйкес келмеушілік және техникалық қызмет көрсету;
6. Компанияның ҚБЖ құжаттамасы және оның тиімділігін талдау.
7. 2015 жылы кемелдену деңгейін он балдық шәкілмен бағалау – 8.77 құрады. 2014 жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы талдау кезінде 33 балға дейін жақсару қарқындылығы байқалды.





ҚБЖ шеңберінде 2016 жылғы мақсаттар мен міндеттер

Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі қауіпсіздігін және оның тиімділік деңгейін арттыру мақсатында ҚТКФ 2016 жылы басымдық мәнге ие мына мақсаттар мен міндеттерді айқындап отыр:

- ҚТКФ кемелерінде теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ҚТКФ кеме нарығында БКЖ әлеуетті жеткізушісі ретінде басым жағдайға ие болуына қол жеткізу;
- сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды жетілдіру мақсатында ҚТКФ және «Ақтау және Баутин порттары Теңіз Әкімшілігі» ММ арасындағы ынтымақтастық аясын кеңейту;
- «2016 жылға арналған қаржы тұрақтылығын сақтап қалу бойынша 33 кадам» кешенді шараларының орындалуын есепке ала отырып, 2016 жылға арналған Бизнес-жоспарды және жылдық Сатып алулар жоспарын орындауды қамтамасыз ету және Пайдалы Іс-әрекет Коэффициентінің (ПІК) жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу.

14.3. Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау

1. Кіріспе

ҚТКФ техника қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында нақтылы жұмыс атқарды.

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ бойынша өндірістік жарақаттанған, өндірістік учаскелерде және кемелерде жазатайым оқиғалардың, өрт алу немесе экологиялық залал келтірумен авариялардың орын алған бірден бір жағдайлары тіркелмеді. Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде жол-көліктік оқиғаларға жол берілген жоқ.

2. Еңбек қауіпсіздігі

Экипаж үшін еңбекті қорғаудың тиісті жағдайлары және оның қауіпсіздік жағдайлары кемелерде мына іс-шараларды алу арқылы қамтамасыз етіледі:

- діріл-акустикалық қабілеті жақсартылған және амортизаторларға орнатылған дизель-генераторларды және негізгі қозғалтқыштарды қолдану;
- ауаны баптау жүйесінде шуыл бәсеңдеткіштерін орнату;
- орын-жайларда дірілді төмендететін мастиктер мен дыбыс оқшаулағыштарды пайдалану;
- орын-жайлардың қаптамасын жақсартылған акустикалық сипаттамасында қолдану;
- неғұрлым жауапты жергілікті автоматтандырылған бөлшектерді (қазандықтар, компрессорлар, сепараторлар) және рульдік рупкадан және ОБП негізгі қозғалтқыштарды, дизель-генераторларды, негізгі және қызмет көрсетуге арналған бөлшектерді қашықтықтан басқару;
- кемені МБ вахта жүргізбей мерзімді қызмет көрсету арқылы пайдалану;
- рупка дінгегі мен оның төбесінде, экипаждың тұрақты жұмыс орындарынан тыс жерлерде радиоэлектрондық құралдардың сәулелік антенналарын орнату;
- антеннада орнатылған таратқышпен қоса негізгі сәуле тарату көзі ретінде радиолокациялық, яғни кеменің жұмыс және тұрғын жайлардан тысқары орналасқан станцияларды қолдану;
- бүкіл радио-электрондық аппаратура үшін металдан жасалған экран-корпустарды қолдану.

Кемелердің жүзу құрамы жұмыстарды және теңіз операцияларын орындау кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың теріс әсерінен қорғау үшін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Осы орайда 2015 жылы мыналар сатып алынды:

- қысқы костюм – 50 жинақталым;
- жазғы костюм – 80 жинақталым;
- жазғы комбинезон – 80 дана;
- қысқы етік – 50 сыңар;

- жазғы бәтеңке – 80 сыңар.

Кемені санитарлық бақылаудан босату туралы / кеменің санитарлық бақылаудан өтуі туралы Куәлікті алу (Халықаралық медициналық-санитарлық қағидалар талаптарына сәйкес) мақсатында кемелерді сумен жабдықтау жүйесінің суларына микробиологиялық және бактериологиялық зерттеу әрбір 6 ай сайын жүргізіліп отырады.

3. Сақтандыру

Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіруден қызметкерлердің мүліктік мүддесін қорғауды (сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы) қамтамасыз ету, сондай-ақ 07.02.2005 жылғы «Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР № 30-III ҚРЗ Заңының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру рәсімі жүргізілді. 2015 жылы «НОМАД LIFE» өмірді сақтандыру жөніндегі компания» АҚ 2 372 199 теңге 98 тиын сомасына сақтандыру шарты жасасты. Сақтандыру мерзімі 2015 жылғы 18 сәуірден 2016 жылғы 17 сәуірге дейін деп белгіленді. Есеп беру кезеңі ішінде сақтандыру төлемдері жүргізілмеді.

4. Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі

Қызметтік автокөліктің қауіпсіз пайдаланылуын және ЖКО сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында ҚТКФ бойынша автокөлікті спутник арқылы бақылау жүйесі қолданысқа енгізілді. Аталмыш жүйе қызметтік автокөлікке орнатылған және көлік құралының жай-күйі мен тұрған жері туралы сымсыз GSM-арнасы бойынша мәлімет беру үшін көзdestірілген электрондық құрылғы (терминал-датчик) болып табылады. Қызметтік автокөлікті тәулік бойы бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу (жылдамдық режимі, тұрған жері, қозғалып отыру бағыты, жол жүру және тоқтап тұру уақыты) нақтылы уақыт режимінде жүзеге асырылады. Тұрған жерін анықтау және осы жайлы деректерді беру Ғарыштық навигациялық жүйе (GPS) және қызметтік автокөлікте орнатылған датчиктер (терминал) көмегімен жүзеге асырылады. Қызметтік көлікті бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу интернет арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады. Жүйеге қызмет көрсетуді шарттық міндеттемелер негізінде мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Қызметтік автокөлік толықтай қауіпсіздік белдіктерімен жарақталды.

«Медсервис KZ» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізушілерді рейс алды және рейстен кейін куәландыру жүргізілді. Осы бойынша бүкіл жазбалар белгіленген үлгідегі журналда тіркелді.

5. Денсаулықты қорғау және алкогольдік ішімдіктерді қолдануға қарсы саясат

2015 жылы қызметкерлерге тегін медициналық қызметтер «ИНТЕРТИЧ» денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі қазақ корпорациясы» АҚ арасында жасасқан сақтандыру шарты және «Sofie Medgroup» көп салалық клиникасы» ЖШС арасында медициналық қызметтерге жасасқан шарт шеңберінде ұсынылды.

Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексерістері «Sofie Medgroup» көп салалық клиникасы» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізілді. Осы орайда медициналық тексерістен өтуге тиіс мамандықтар санаты мен қызметкерлер тізімі түзіп жасалды, ол Маңғыстау көлікте тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма бөлімімен келісілді.

ҚТКФ сүйреткіштері үшін медициналық мәнге ие дәрі-дәрмек және медициналық препараттар сатып алынды.

«Түпқараған орталық аудандық аурухана» МКК жасасқан шартқа сәйкес сүйреткіштердің экипаждарына медициналық куәландыру (экипаж ауысымы кезінде) жүргізілді. Медициналық тексеріс нәтижелері бойынша кеме экипажына денсаулық жағдайына байланысты жұмысқа шығуға рұқсат етпедің бір оқиғасы тіркелді. 2015 жылғы 24 тамызда «Есіл» сүйреткішінің теңізші-аспазшысы С.Мұқбановқа жоғары қан қысымына байланысты жұмысқа шығуға рұқсат етілмеді.

6. Өрт қауіпсіздігі

ҚТКФ кемелері өрт сөндірудің жергілікті жүйесімен (сумен сөндіру, көбікпен сөндіру, көмірсутекпен сөндіру және жергілікті қолдану), сондай-ақ бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жарақталды. Пайдаланудағы өртсөндіргіштер мамандандырылған ұйымдарға техникалық куәландыруға және қайта зарядтауға тапсырылды.

Әкімшілік ғимараттың өрт сөндіру жүйесі өрттің кеңінен таралуын шектеу және адамдарды алдын ала эвакуациялауды қамтамасыз ететін өрт сөндіру құралдарын, өрт сөндірудің су құбырлары жүйелерін, автоматтандырылған өрт сөндіруді, өрт және құрылыс іс-шаралары туралы құлақтандыруды қолданумен қамтамасыз етіледі. Объектінің конструктивтік өрт қауіпсіздігі СО.

Бүкіл өрт кезінде шығу есіктері өздігімен жабылу тетіктерімен жабдықталған. Объектіде эвакуациялау үшін екі баспа сатылары (түгіннен қорғалған Н1 және Н3 типтес) көздерісірілген. Эвакуациялау жолдарындағы бүкіл шығу есіктері эвакуациялау бағытында ашылады. 15 адамнан асыра

жиналатын бүкіл орын-жайлардың шығу есіктері сыртқа қарай ашылады. 50 адамнан асыра жиналған орын-жайларда кем дегенде екі шығу есігі көздестірілген. Объектіде өрт алу кезінде бір лифт көзделген. Ғимаратта сыртқы ауа ағыны үшін тіректі желдету және түтін шығару (автотұрақ пен атриумде) қондырғысы көздестірілді. Өрт алған жағдайда желдету және баптау құрылғыларының іске қосылуы және сырттан ауа жіберу және түтінді жою қондырғыларының іске қосылуы көздестірілді.

7. Төтенше жағдайларға ден қою

Төтенше жағдайлардың, соның ішінде мұнайдың төгілуі және оның салдарын жою бойынша тиісінше операцияларды орындаудың оралымды және тиімді ден қоюды қамтамасыз ету жүйесін құру мақсатында ҚТКФ бойынша мыналар әзірленді:

- жағалаулық авариялар жоспары;
- кемелік авариялар жоспары;
- мұнайдан ластануға қарсы күрес жүргізу жөніндегі төтенше шаралардың Кеме жоспары (бұдан әрі – SOPEP жоспары).

Көрсетілген бүкіл құжаттар қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде кешенді нормативтік-құқықтық құжаттардың құрама элементі болып табылады. Бүкіл жоспарлар өзара сабақтас әрі біртұтас болып келеді. Олар қауіпсіздік және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық стандарттарға (қағидалар мен нормалар) сәйкес әзірленді.

Кеме персоналының авариялық жағдайлардағы іс-әрекетін практикалық тұрғыдан пысықтау компания әзірлеген оқу-жаттығу бағдарламалары бойынша жүргізіледі (алдымен ол сәйкестендірілген (анықталған) ықтимал авариялық жағдайларға қатысты қолданылады).

Жағалаулық және кеме персоналына сәйкестендірілген және өзге көзделмеген ықтимал авариялық жағдайларда әрекет алуға даярлық жүргізу және олардың ұдайы әзір болуын қамтамасыз ету үшін мыналар құрылды:

- компания – Компанияның авариялық жағдайлары жөніндегі жедел штабы;
- кеме – Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеме комитеті.

Компанияда PISCES II бағдарламасы – компьютерлік үлгі негізінде мұнайдың төгілу алаңын және оның таратылуы ықтимал жерін көрсете отырып, мұнайдың төгілуі ықтимал жағдайларды талдауға, сондай-ақ компьютер арқылы үлгісі әзірленген авариялық жағдайларда персоналды және командалық құрамды жаттықтыруға арналған программалық-аппараттық тренажер көздестірілді.

Компанияда тәулік бойы кезекшілікті жүргізіп отыратын диспетчерлік қызмет ұйымдастырылды, ол байланыс пен құлақтандырудың мына жүйелерімен қамтамасыз етілді: ПВ-КВ SAILOR HC 4500 жергілікті радиостанциясы, УКВ SAILOR RT 5022 жергілікті радиостанциясы,

интернет, телефон және факсимильдік байланыс және ДЧС байланыста болатын тікелей телефон байланысы.

ТЖ жағдайында үйлестіруші органдармен өзара іс-қимыл жасау және хабарлама беру тәртібі құжат түрінде айқындалады.

Теңізде жүзу қауіпсіздігін арттыру, қоршаған ортаны кеме қатынасының және төтенше жағдайларда шұғыл ден қоюдың ықтимал теріс салдарынан қорғау мақсатында Shipping Explorer жүйесі орнатылды, ол ААЖ (автоматтандырылған ақпараттық жүйе) арқылы УКВ диапазоны іс-әрекетінің аймағы шегінде жұмыс істейді және кез келген кеменің жүзу жерін, ағымдағы операцияларды жүргізу орнын бақылап отыру, оның өлшемдері, маршруты туралы ақпаратқа, сондай-ақ кеме иесі туралы (соның ішінде байланыс деректері) мәліметке нақты режимде ие болу мүмкіндігін береді.

ААЖ іс-әрекетінің аймағынан тыс кемелер спутниктік байланыс арқылы қашықтықтан (ОСДР) бақылауға алынады.

СОЛАС 74 Конвенциясының ІҮ-бөліміне сәйкес компания кемелерінде А1, А2, А3 теңіз аймақтарында кемелерді пайдалануды қамтамасыз ететін радио-навигациялық жабдықтар және АГТБЖ жабдықтары орнатылды. Кеме бойынша команда беру және көркемдік құлақтандыру, сондай-ақ рульдік рубка мен пост арасында дауыстық байланыс үшін дауыстық хабарлама мен трансляция жүргізудің дауыстық байланыс аппаратурасы орнатылды. Жалпы кемелік дабыл белгісі үшін қауырт дабылқаққыш көздестірілді. Кемеде дыбыстық белгі беру үшін екі тифон (әуе және электр) орнатылды. Тифондарды басқару рульдік рубкадан электр тогы арқылы қашықтықтан және автоматтандырылған түрінде жүргізіледі.

Маңғыстау облысының Әкімдігіне жасалған сұранысқа орай 18.12.2015 жылғы № 10-22/10401 хатпен жауап беріліп, ҚТКФ Азаматтық қорғаныс бойынша дәрежелі ұйымдардың тізіміне енгізілмегені хабарланды. Маңғыстау облысы ТЖ департаменті атынан 24.11.201 жылғы №39-19-13-5-19/1866 хатпен осыған ұқсас жауап берілді.

8. Оқыту, нұсқама жүргізу

Жүргізу сипаты мен уақыты бойынша мынадай нұсқамалар жүргізілді: кіріспе, жұмыс орнында бастапқы, екінші қайтара, жоспардан тыс, мақсатты. Нұсқамалар бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Кіріспе нұсқама жүргізу үшін слайд түрінде таныстыру материалдары қосымша әзірленді.

ҚТКФ құрылымдық бөлімшелері мен кемелері еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында ҚТКФ қызметіне қатысты қолданылатын заңнамалық және басқадай талаптармен қамтамасыз етілді (ПАРАГРАФ» ақпараттық жүйесі көмегімен).

Авариялық жағдайларда жағалаулық және кемелік іс-әрекет жоспарларының және ҚТКФ кемелерінде авариялық жағдайлардың туындаған кезінде кемелердің жағалаумен өзара іс-қимылының жай-күйін

және оған әзір болуды бақылау мақсатында ҚТКФ жағалаулық және кеме персоналының сәйкестендірілген және өзге көзделмеген авариялық ықтимал жағдайларда, аварияларды болдырмауда, оның салдарын мейлінше азайтуда іс-әрекетін пысықтау бойынша оқу-жаттығулардың Күнтізбелік жоспары жыл сайынғы негізде түзіп жасалады.

9. Іс қағаздарын басқару

ҚМГ 11.08.2015 жылғы №121-13/4200 хатына, ҚМГ Төрағасының «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялары және тәжірибелері» атты жыл сайынғы конкурсты өткізу тәртібі және талаптары туралы қағидаға, Басқарманың 18.08.2015 жылғы № 44 хаттамасына сәйкес ҚТКФ конкурсының бірінші туры өткізу тәртібін регламенттейтін «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар және іс-тәжірибе» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі және талаптары туралы қағида» ҚТКФ.103 КСТ әзірленді. Осы орайда 25.09.2015 жылғы «Жыл сайынғы конкурсты өткізу туралы» № 52 П бұйрық шығарылды. Осы құжаттарға сәйкес конкурстың бірінші туры ұйымдастырылып, өткізілді және бағалау парақтары, қорытындылар хаттамасы түзіп жасалды және ол ҚМГ атына жолданды.

ҚМК сұраныс хаттарына сәйкес құжаттардың жобалары пысықталып, жеке ұсыныстар мен ескертпелер жолданды.

10. Қоршаған ортаны қорғау

10.1. Ауа бассейні мониторингі

Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу шеберінде ТҚ, Е және ҚОҚ қызметінің күшімен экология және компанияның айналым-сальдо тізімі саласында түпкілікті есеп деректерін негізге ала отырып, ластанудың жергілікті көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің нақты шығаруылуының есебі тоқсан сайын орындалып отырды.

Соңғы бес жыл ішінде атмосфералық ауаға шығарылған ластағыш заттектердің өзгеру қарқындылығы:

Ингредиент атауы	Фактический выброс загрязняющих веществ, тн/год				
	2011 жыл жоспар/нақты, тн/жыл	2012 жыл жоспар/нақты, тн/жыл	2013 жыл жоспар/нақты, тн/жыл	2014 жыл жоспар/нақты, тн/жыл	2015 жыл жоспар/нақты, тн/жыл
- азот диоксиді	153,2967/20,7290	93,3598/17,1653	93,3598/19,0015	39,4017/20,0463	43,8464/9,8891
- азот оксиді	7,2107/2,8746	4,7988/2,8164	4,7988/3,0873	6,3723/3,2545	7,0911/1,6039
- күйе	32,8999/1,9453	19,4032/1,0654	19,4032/1,1845	1,8889/1,2467	2,1019/0,5865
- күкірт диоксиді	46,5439/4,3408	26,0751/3,2655	26,0751/3,6075	6,0105/4,0650	6,6885/2,0549
- күкіртті сутек	0,00107/0,000262	0,000494/0,0001044	0,000494/0,000114	0,000040/0,000032	0,000045/0,00003 2

- көмірсутек оксиді	217,0242/19,8180	134,6423/15,3578	134,6423/16,5706	45,9119/17,3156	51,0910/9,4301
- 3,4бенз(а)пирен	0,0004627/0,000039	0,000317/0,00002431	0,000317/0,000039	0,00005/0,0000337	0,0000567/0,0000158
- формальдегид	11,7664/0,5785	6,9463/0,2583	6,9463/0,2875	0,4561/0,3057	0,5076/0,1425
- керосин	15,0766/6,4281	10,0692/6,2107	10,0692/6,9100	-/-	
- мұнай майы	0,7977/0,6462	1,518255/1,3708	1,518255/1,2568	0,2011/0,1411	0,2237/0,1410
- C ₁₂ -C ₁₉ көмірсутек	65,7074/3,4252	53,4501/15,8363	53,4501/14,4919	22,0356/11,3069	24,5214/7,3258
- анорганикалық тозаң 70-20% SiO ₂	8,6448/0,000022	0,00056/0,00028	0,00056/0,000024	1,1030/0,0060	1,2274/0,0021
- пыль неорганическая до 20% SiO ₂	131,6485/58,6956	148,5909/3,4286	148,5909/0	-/-	-/-
- темір оксиді	0,0338/0,00106	0,0058/0,00173	0,0058/0,000384	1,1574/0,00626	1,2880/0,00250
- марганец және оның оксидтері	0,00104/0	0,000368/0,000193	0,000368/0,000016	0,00144/-	0,0016/-
- газ тәріздес фторидтер	0,00088/0,000012	0,0003/0,000151	0,0003/0,000013	0,00926/0,00791	0,0103/0,00881
- қатты ерімейтін фторидтер	0,00095/0,000052	0,00132/0,000687	0,00132/0,000057	0,00126/-	0,0014/0,0000093
- ксилол	0,2138/0,1975	6,7500/5,4796	9,0000/1,6088	-/-	
- уайт-спирит	0,2138/0,1975	6,7500/5,4796	9,0000/1,6088	-/-	
- асылған заттар	0,2189/0,1965	4,9729/4,0384	6,6229/1,1798	0,1449/0,1449	0,1612/0,1411
- абразивті тозаң	0,0262/0,0075	0,0147/0,000014	0,0147/0,0054	-/-	-/-
-гидрохлорид	-/-	-/-	-/-	0,3774/-	0,0420/0,0420
-метан	-/-	-/-	-/-	1,2248/-	1,3630/0,2693
- техникалық дивинилді бензол	-/-	-/-	-/-	0,2426/0,1078	0,2700/-
-Метилді бензол	-/-	-/-	-/-	1,5342/0,7919	1,7073/0,1258
-4-Гидрокси-4метилпентан-2-он	-/-	-/-	-/-	2,2020/2,0672	2,4504/-
-этанол	-/-	-/-	-/-	2,0458/0,1078	2,2766/0,1626
-бутилацетат	-/-	-/-	-/-	0,8088/0,3595	0,9000/-
-бензин (мұнай, азғантай күкіртті)	-/-	-/-	-/-	0,6230/-	0,6933/0,3222
-сольвент нафта	-/-	-/-	-/-	8,9144/4,6010	9,9200/0,2271
-мазутты күл	-/-	-/-	-/-	0,0123/0,0123	0,0137/0,0043
БАРЛЫҒЫ:	691,327/120,0817	517,3507/81,7759	523,5007/70,8011	142,6808/65,8944	158,3979/32,4817

- Қоршаған ортаға эмиссия жүргізуге берілген 07.02.2014 жылғы R-11MO сериялы № 0001755 Рұқсатқа сәйкес атмосфераға жергілікті ластану көздерінен шығарылған ластағыш заттектер шығарындылары есеп беру кезеңі ішінде белгіленген нормативтердің рауалы шегінде болды, ешбір ингредиент бойынша нормативтерден асырылған шығарындылар тіркелмеді;
- атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектер шығарындыларының аз болуы бойынша жалпы қарқындылық байқалды;
- атмосфераға жергілікті ластану көздерінен есеп беру кезеңімен салыстырғанда ластағыш заттектер шығарындыларының төмендеуі мына объективті себептермен туындап отыр:
 - ағымдағы жылғы мамыр айынан қазанға дейін «Астана», «Алматы», «Ақтөбе», «Орал» мұнай танкерлерінің кеме жіктелімін Астрахань қаласындағы «Галактика» ААҚ кезекті куәландыру көлемінде жөндеу жүргізілді;

- желтоқсан айынан бастап «Есіл», «Тобыл» сүйреткіштеріне Астрахань қаласындағы «Первомайский кеме жөндеу зауыты» ЖШҚ кезекті жөндеу жүргізілуде;
- желтоқсан айынан бастап «Ертіс» магистралдық сүйреткішіне Баутин поселкесіндегі «Балықшы» ЖШС базасы жанында құрылған «Кеме жабдығы және сервис» ЖШС аралық жөндеу жүргізілуде;
- шанаққа алу кезінде мұнай құю танкерлеріндегі отынды қысқартуға бағытталған кешенді іс-шараларды орындау есебінен оны тұтыну көлемі төмендеді;
- ауа бассейнін қорғау жөнінде жоспарланған іс-шаралар есеп беру кезеңі ішінде жалпы сомасы 1 910 454 теңгеге 100 %-ға орындалды.
 - ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес кемелер ластанудың жылжымалы көздері болып табылады, олардан тасталған шығарындыларға нормалар белгіленбейді және эмиссия жүргізуге берілетін рұқсат ресімделмейді;
 - Қазақстан Республикасының 19.01.2007 жылғы № 212-III Экологиялық кодексінің 76-бабына сәйкес ІҮ санаттағы объектілер үшін қоршаған эмиссияға 10.11.2015 жылғы №KZ74VDD00042502 рұқсат мерзімсіз негізде алынды.

10.2. Су ресурстарының мониторингі

Су ресурстарының өндірістік мониторингі бірыңғай байқап қарау және бақылау жүйесі ретінде су ресурстарының өзгерістерін дер кезінде анықтау және осы өзгерістерді бағалау, су ресурстарын тиімді пайдалануға және оның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін бәсеңдетуге бағытталған іс-шараларды болжамдау болып табылады.

Өндірістік экологиялық бақылаудың бекітілген бағдарламасына сәйкес су ресурстары мониторингін мыналар құрайды:

- ауыз суының сапасын бақылау;
- су тұтынуды және су бөлуді бақылау;
- шартты-таза суларды талдамалық бақылау.

10.3. Ауыз суының сапасын бақылау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС өндірістік объектілері мен кемелеріне жасасқан шарттарға сәйкес ауыз суы құйылмалы түрінде жеткізіледі. Бүкіләлемдік денсаулықты сақтау Ассамблеясы 58-сессиясының 23.05.2005 жылғы Қарарымен қабылданған Халықаралық медициналық-

санитарлық қағидаға (15.06.2007 жылы қолданысқа енгізілді) сәйкес санитарлық бақылаудан босату туралы Халықаралық куәлікті алу шеңберінде жарты жылда/1 мәрте су үлгісін алу және кемелердің камбузынан және шомылғы орындарынан алынған ауыз суына физикалық-химиялық және микробиологиялық зерттеу жүргізіледі.

Ауыз суы мен бөтелкеге құйылған құйылмалы судың жеткізілімін жүргізуге шарт жасасқан кезінде жеткізілімі жүргізілетін тауар сапасы жеткізуші тарапынан тауардың шығарылған елі туралы сертификатты, өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығымен берілетін сәйкес келу сертификатын беру арқылы бақылауға жатады.

Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша бақылауға жататын ингредиенттер концентрациясы белгіленген нормативтердің рауалы шегінен аспайтындығы анықталды.

10.4. Су тұтынуды және су бөлуді оралымды бақылау

Жылдық сатып алулар жоспарына сәйкес есеп беру кезеңінде мердігерлік мамандандырылған ұйымдар тарапынан мыналардың нақты жеткізілімі жүргізілді:

№15 Кесте

№ р/н	Су сапасы	Контрагент атауы, жасасқан шарт нөмірі және күні	Өлшем бірлігі	Жоспарланған тұтыну көлемі	Нақты тұтынған көлемі
1	2	3	4	5	6
Ақтау қаласының кеңсе орын-жайы					
1.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (19л)	«BioWater Group» ЖШС. 26.02.15 жылғы №ПТ-10-85/2015 Шарт	литр	12350,000	10051,000
2.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (5л)	«Бриз Мангистау» ЖШС. 18.03.15 жылғы №ПТ-10-115/2015 Шарт	литр	1500,000	500,000
3.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (0,5л)	«Аква Идеал» ЖШС 06.04.15 жылғы №ПТ-10-136/2015 Шарт	литр	1000,000	348,000
Магистралдық сүйреткіштер					
1.	Құйылмалы ауыз суы	«Альянс Ойл Сервис» ЖШС. 13.03.15 жылғы №ПТ-10-97/2015 Шарт	тн	778,000	557,030
2.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (5л)	«Бриз Мангистау» ЖШС. 19.03.15 жылғы №ПТ-10-99/2015 Шарт	литр	34240,000	33750,000
Мұнай құю танкерлері					
1.	Құйылмалы ауыз суы	«OMS Agency» ЖШС. 13.12.13 жылғы №У-10-55/2014 Шарт	тн	-	963,000
2.	Бөтелкеге	«OMS Agency»	литр	-	30362,000

	құйылған ауыз суы (19литр)	ЖШС.13.12.13жылғы №У-10-55/2014 Шарт			
«Нұртау» серуендеу яхтасы					
1.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (5л)	«Бриз Мангистау» ЖШС. 19.03.15 жылғы №ПТ-10-100/2015 Шарт	литр	3000,000	-
Астана қаласындағы Өкілдік					
1.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (19литр)	«Алтын Су» фирмасы ЖШС 20.05.15 жылғы №ПТ-10-199/2015 Шарт	литр	2280,000	2280,000
2.	Бөтелкеге құйылған ауыз суы (19литр)	«Rosinka Bio» ЖШС 25.04.14 жылғы №ПТ-10-161/2014 Шарт	литр	950,000	950,000

- 09.07.2003 жылғы Қазақстан Республикасы № 481-ІІ Су кодексінің 115-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес ауыз және техникалық су сапасын тексеруге алынған нақты су көлемі жоспарланған жылдық көрсеткіштерден аспайды;
- қайтаруға жататын 19 литр пластикалық бөтелкеге құйылған ауыз суын мұнай құю танкерлерінде, Астана қаласындағы Өкілдікте пайдалану «жасыл» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болу және оларды қоршаған ортаға орналастыру көлемін 340, 431 киләға азайту мүмкіндігін берді (1 бөтелке салмағы 39 грамм жағдайында 8729 дана).

Есеп беру кезеңінде мыналар нақты пайда болды және су объектісінің бетіне тасталды: №16 Кесте

№ р/н	Ағынды сулар атауы	Контрагент атауы, жасасқан шарт нөмірі және күні	Өлшем бірлігі	Пайда болған, тазалауға шығарылған және су объектілерінің бетіне тасталған ағынды сулардың көлемі		
				Нақты пайда болған ағынды сулар	Нақты тазалауға/кәдеге жаратуға тапсырылған ағынды сулар	Су объектілерінің бетіне нақты тасталған ағынды сулар
1	2	3	4	6	7	8
1.	Ағынды сулар	«Альянс Ойл Сервис» ЖШС. 26.03.14 жылғы №У-10-120/2014 Шарт.	м ³	85,000	85,000	-
			м ³	370,500	370,500	-
2.	Құрамында мұнай қалдықтары бар	«Альянс Ойл Сервис» ЖШС. 26.03.14 жылғы №У-10-121/2014	м ³	3,000	3,000	-
			м ³	15,620	15,620	-

	сулар	Шарт. «Альянс Ойл Сервис» ЖШС. 27.03.15 жылғы №У-10-106/2015 Шарт				
1.	Ағынды сулар	«OMS Agency» ЖШС. 13.12.13 жылғы №У-10-55/2014 Шарт	м ³	3284,770	511,400	2773,370
2.	Құрамында мұнай қалдықтары бар сулар	«OMS Agency» ЖШС. 13.12.13 жылғы №У-10-55/2014 Шарт	м ³	306,600	306,600	-

Есеп беру кезеңі ішінде магистралдық сүйреткіштерден алынған бүкіл ағынды сулар кейіннен тазалау (кәдеге жарату) үшін мердігерлік мамандандырылған ұйымдарға тапсырылды, борттан тыс төгілмеді, РТКТ тарапынан мақұлданған шаруашылық-ластанған, құрамында мұнай қалдықтары бар суларды және балласт сулары жүйелерінің клапандарына пломба салу сұлбасына сәйкес клапандарға пломба салынды.

10.5. Шартты-таза суларды талдамалық бақылау

Каспий теңізінің акваториясына төгілетін шартты-таза сулардың сапасын бақылау «Жалпы кемелік жүйелерден және энергетикалық кеме қондырғыларының жүйелерінен төгілетін теңіз суын талдамалық бақылау кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханалармен жүзеге асырылады. Есеп беру кезеңі ішінде «Тандем-Эко» ЖШС өзара жасасқан шарттарға сәйкес Каспий теңізінің акваториясына магистралдық сүйреткіштерден, мұнай құю танкерлерінен және «Нұртау» яхтасынан төгілген шартты-таза суларды талдамалық бақылаудың 12 кезеңі жүргізілді. Шартты-таза суларды талдамалық бақылау нәтижелері мынадай болды:

№ р/н	Кеме түрі	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	КРШ _{балық·су·}	Орташа нақты концентрациясы
1	2	3	4	5	6
1.	Магистральдық сүйреткіштер	-мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,050	н/о
		-фенолдар	мг/дм ³	0,001	н/о
		-ОБТ	мг/дм ³	3,000	1,4170
		-ОХТ	мг/дм ³	30,000	16,8910
		-темір жалпы	мг/дм ³	0,050	0,0025
		-мырыш	мг/дм ³	0,005	0,0020
		-кадмий	мг/дм ³	0,010	0,0017
		-қорғасын	мг/дм ³	0,010	0,0014
		-цинк	мг/дм ³	0,050	0,0200
2.	Мұнай құю танкерлері	-мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,050	н/о
		-фенолдар	мг/дм ³	0,001	н/о
		-БПК	мг/дм ³	3,000	1,4310
		-ХПК	мг/дм ³	30,000	15,6830
		-аммоний	мг/дм ³	0,500	0,0147

	-нитриттер	мг/дм ³	0,080	0,0230
	-нитраттар	мг/дм ³	40	0,0261
	-сульфаттар	мг/дм ³	3400-3600	3415
	-хлорид	мг/дм ³	4800-5000	4844
	-темір жалпы	мг/дм ³	0,050	0,0016
	-мырыш	мг/дм ³	0,005	0,0016
	-кадмий	мг/дм ³	0,010	0,0016
	-қорғасын	мг/дм ³	0,010	0,0016
	-цинк	мг/дм ³	0,050	0,0013

• есеп беру кезеңі ішінде мұнай құю танкерлерінен, магистралдық сүреткіштерден алынған шартты-таза суларға талдамалық бақылау жүргізілді, «Нұртау» серуендеу яхтасын пайдаланудан шығаруға байланысты зерттеулер жүргізілмеді;

• бақылауға жататын ингредиенттердің КРШ деңгейінен жоғары болуы су үлгісін алудың бірден бір жерінде тіркелмеді;

• төгілген шартты-таза сулардың температуралық режимі кішігірім диапазонда құбылып отырды және әрекет үстіндегі санитарлық нормалардан аспады.

10.6. Өндіріс және тұтыну саласы қалдықтарының теріс әсеріне мониторингі жүргізу

Кәсіпорындағы қалдықтарды басқару жүйесі қалдықтардың пайда болуын қадағалаудың ұйымдық іс-шараларын, қалдықтарды жинауды, сақтауға алуды, қайта өңдеуді және залалсыздандыруды бақылауды қамтиды. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін неғұрлым азайту үшін және кәсіпорын бойынша бүкіл қалдық түрлерінің пайда болу, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасына және Қазақстан Республикасы біріккен халықаралық конвенцияларға сәйкес мыналар әзірленді:

• Қоқыстарды жоюдың орыс және ағылшын тіліндегі Кеме жоспарлары, оларды кемедегі жабдықтарды қолдануды қоса алғанда жазбаша ресімделген қоқысты мейлінше азайту, жинау, өңдеу және жою рәсімдері («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес) қамтиды;

• «Қоқыс операцияларының журналы» («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес);

• әрбір кемеде орнатылған экипажды МАРПОЛ 73/78 3,4,5,6 Ережелеріне және Y Қосымшасына сәйкес қоқысты шығару жөніндегі қолданыстағы талаптары туралы хабарлама плакаттар («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978

жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес);

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Қалдықтарды орналастырудың 2014-2018 жылдарға арналған нормативтер жобасы, Қалдықтарды басқарудың 2014-2018 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Табиғатты қорғаудың 2014-2018 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары әзірленді, мұнда қызметті жүзеге асырудан пайда болатын қалдықтардың қоршаған ортаға және халық денсаулығына тигізетін теріс әсерін азайтуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру көздестірілді.

Қауіпті қалдықтар түрлерінің соңғы бес жыл ішінде пайда болу қарқындылығы:

№ р/н	Қалдық атауы	2011 ж., тн (нақты)	2012 ж., тн (нақты)	2013 ж., тн (нақты)	2014 ж., тн (нақты)	2015 ж., тн (нақты)
1	Азық-түлік қалдықтары	21,933	20,558	19,887	9,592	8,194
2	Қатты тұрмыстық қалдықтар	71,251	39,758	25,784	17,738	16,556 (флот) 83,250 (кеңсе орын-жайы)
3	Пайдаланудан шыққан автошиналар (кранецтер)	0,785	-	0,025	-	-
4	Макулатура, пайдаланылған ыдыс	-	-	-	-	-
5	Пайдаланылған майлар	6,564	6,194	1,488	21,111	14,650
6	Майлық шүберек	1,456	1,432	1,823	1,828	1,862
7	Күл	0,030	-	-	-	0,837
9	Пайдаланылған құрамында күкірт бар шамдар	677	380 дана	1542 дана	403 дана	446 дана
10	Пайдаланылған пластик ыдыс	9,195	9,951	7,770	7,302	5,416
11	Дәнекерлеу электродтарының тұқылдары	0,00007	-	-	-	-
12	Лак-бояу материалдарының қалдықтары	0,074	-	-	0,240	0,010
13	Пайдаланудан шыққан аккумулятор	0,018	-	1,138	0,105	-
14	Құрылыс қалдықтары	3,760	-	0,875	0,030	0,100
15	Пайдаланудан шыққан байлау арқандары	-	-	-	-	-
16	Пайдаланудан шыққан сүзгіштер (отындық, ауа, тұщыту қондырғылары)	0,056	0,037	0,116	0,149	0,193
17	Кеме бұрандаларын тазалау қалдықтары	0,001	-	-	-	-
18	Ақаулы электрондық жабдық	1,473	-	0,957	0,381	0,289
19	Химиялық реагенттерге, ЖЖМ материалдарына қолданылған ыдыс	-	-	1,314	-	-
20	Резеңке-техникалық бұйымдардың қалдықтары	-	-	0,011	-	-
21	Шлам	16,800	14,844	23,790	55,038	61,158
22	Медициналық қалдықтар	-	-	1068 дана	671 дана	566 дана
23	Аспаздық май	-	-	-	0,503	0,283

24	Мазугты топырақ	-	-	-	-	-
25	Металл қалдықтары, металл жоңқасы	-	-	-	-	0,126
26	Жеке бас қорғанысының қалдықтары	-	-	-	-	-
27	Авариялық-құтқару және өртке қарсы мүлік	-	-	-	-	-
	БАРЛЫҒЫ, соның ішінде:	133,396	92,774	85,035	114,017	192,924
	-«янтарь түсті» тізім қалдықтары	24,998	22,507	29,726	78,471	78,993
	- «жасыл» тізім қалдықтары	108,398	70,267	55,309	35,546	113,931
						(соның ішінде кеңсе орын-жайы 83,250 флот 30,681)

өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуына лимиттер белгіленбеді, мамандандырылған мердігерлік ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес қалдықтар пайда болуына және жиналуына қарай кейіннен қайта өңдеуге (көму) тапсырылады

- қолда бар деректерді талдау «жасыл» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болуының төмендеу қарқындылығын көрсетті;
- қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болу көлемінің өсуі әкімшілік ғимаратты (кеңсе орын-жайы) қатарға қосып, пайдалануға берумен байланысты болды;
- «янтарь түсті» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болу көлемінің өсуі кемелердің негізгі бөлшектерін пайдалану мерзімінің ұлғаюымен, «Орал», «Ақтөбе», «Атырау» танкерлерін ішінара моторлық отын түріне өткізу, «Астана», «Алматы» және «Ақтөбе» мұнай құю танкерлерінің танк-цистерналарын шлам қалдықтарынан тазалау арқылы оларды жөндеуге доққа қоюмен байланысты болды;
- мұнай құю танкерлерінің инсенераторларын қолданудан жаңа қалдық түрі – күл пайда болды, есеп беру кезеңі ішінде инсенераторларда азық-түлік және қатты-тұрмыстық қалдықтарды өртеу арқылы қоршаған ортада «жасыл» тізімдегі 5,882 тн қауіпті қалдықтар түрлерінің көлемін азайту мүмкіндігін берді.

10.7. Флора мен фаунаны қорғау

2015 жылғы көктемде «Энергопроект-Високоградня» АҚ орындалған жұмыс жобасы негізінде Ақтау қаласы, 14-шағын ауданы мекен-жайы бойынша орналасқан ҚТКФ әкімшілік ғимаратының (кеңсе орын-жайы) құрылысын салу бойынша жұмыстар аяқталды.

Жобаның «Аббаттандыру және көгалдандыру» бөліміне сәйкес жалпы ландшафтық алаң мынадай стилистикалық және функционалдық өзара сабақтасқан екі аймаққа бөлінді:

Бірінші аймақ – гараж үсті әкімшілік ғимарат орналасқан алаң. Гүл егуге арналған бетонды алаңдарда әркілы гаммада, әртүрлі биіктікте және әрбір жыл мезгілінде гүлдену кезеңімен сәндік жамылғы сықылды аласа және жерде төселіп өсетін қылқан жапырақты өсімдіктер, жасыл желектер және роза гүлі егілді.

Екінші аймақ – ғимараттың периметрі бойынша және кешен шекарасының бойында орналасты. Жапырақты және қылқан жапырақты

ағаштардың, сәндік желектердің, розарий мен гүлкестелердің өзара қисындасуы қоршаған ортаға үйлесімді көрініс берді.

Әкімшілік ғимаратты (кеңсе орын-жайын) көгалдандыру бойынша жұмыстардың жалпы нақты көлемі:

- жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар – 31 дана;
- жерде төселіп өсетін қылқан жапырақты өсімдіктер – 56 дана;
- сәндік бұталар – 709 дана;
- роза гүлі – 439 дана;
- гүлкестелер – 430 шаршы метр.

Жұмыс жобасына сәйкес әкімшілік ғимарат (кеңсе орын-жайы) аумағын және тынығуға арналған парк алаңын аббаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жалпы сомасы 1 046 9 603 теңге сомасында 100 % көлемінде орындалды.

10.8. Міндетті экологиялық сақтандыру

13.12.2005 жылғы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының №39-III Заңына сәйкес ҚТКФ жыл сайын міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасады, оның объектісі ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленіп отырған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның мүліктік мүддесі болып табылады.

Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша нақты шығындар

№19 Кесте

Төлем атауы	Нақты шығындар, теңге				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Сақтандыру сыйлықақысы	151 653	162 285	855 144	914888	979108

- 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі кезең ішінде міндетті экологиялық сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді;

- 2013 жылдан бастап қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қатерімен байланысты объекті иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды жүргізбеумен байланысты сақтандырудың сыйлықақы сомасы ұлғайды; осы ретте үшінші тұлғалардан АҚЖ сақтандырудың жүзеге асырылмауы ТЖ Министрлігінің өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы заңға мұнай құю танкерлерінің қауіпті өндірістік объектілер болып табылмайтындығы туралы түсіндірме беруімен байланысты болды.

10. 9. Парниктік газдар

Парниктік газдар шығарындыларын түгендеудің негізгі мақсаттары ретінде мыналар болып табылады:

- парниктік газдардың атмосфералық ауаға теріс әсер ету деңгейін бағалау үшін түпкілікті деректерді алу;
- парниктік газдар шығарындыларының және озон қабатын бұзатын заттардың мөлшерлік және сапалық сипаттамаларын айқындау;
- атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;
- парниктік газдар мен озон қабатын бұзатын заттардың мемлекеттік кадастрын түзіп жасау үшін ақпаратты беру.

Климаттың өзгеруі жөнінде БҰҰ Негізгі конвенциясы мен Киот хаттамасымен регламенттелетін парниктік газдар шығарындыларының тізіміне мыналар енгізілді:

Тікелей парниктік әсеріндегі газдар:

- қос тотықты көміртек (CO₂);
- метан (CH₄);
- азоттың шала тотығы (N₂O)

Парниктік газдар шығарындыларының өзгеру қарқындылығы:

№ р/н	Парниктік газдардың атауы	2011 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2012 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2013 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2014 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2015 жылғы Шығарындылардың нақты саны, тн
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қос тотықты көміртек	41169,9887	32969,6023	34446,9002	32215,8959	29509,2206
2.	Азоттың шала тотығы	0,8263	0,6202	0,6330	0,5912	0,5475
3.	Метан	2,7250	2,0026	2,0288	1,8966	1,7138
	Барлығы, соның ішінде:	41173,5400	32972,2251	34449,5620	32218,3834	29511,4819
	-ішкі тасымалдаудан болған шығарындылар:	9349,6164	3500,3816	1778,1249	1512,5374	1881,1212
	а) қос тотықты көміртек;	9348,5577	3500,0107	1777,9692	1512,4049	1880,9440
	б) азоттың шала тотығы;	0,2284	0,0774	0,0418	0,0356	0,0437
	в) метан	0,8303	0,2935	0,1139	0,0969	0,1335
	-халықаралық тасымалдаудан болған шығарындылар:	31823,9236	29471,8435	32671,4371	30705,846	27630,3607
	а) қос тотықты көміртек;	31821,4310	29469,5916	32668,9310	30703,491	27628,2766
	б) азоттың шала тотығы;	0,5979	0,5428	0,5912	0,5556	0,5038
	в) метан	1,8947	1,7091	1,9149	1,7997	1,5803

10.10. Озон қабатын бұзатын заттар

Түгендеу жүргізу барысында кемелерде тоңазытқыш жабдығы мен ауаны баптау жүйесі анықталды, оларға салқындату сұйықтығы ретінде А және С тізіміне кіріп отырған озон қабатын бұзатын заттар (хладон) қолданылды.

- Дифторхлорметан (ХФУ-12) А** Тізімінің I-тобына жатады
Код ТПВЭД ТС – 2903772000
- Дифторхлорметан (ГХФУ-22) С** Тізімінің I-тобына жатады
Код 29037100004

**Есепке алынатын озон қабатын
бұзатын заттарды тұтыну қарқындылығы:**

№21 Кесте

№ р/н	ОБЗ атауы	2011 жылғы нақты тұтыну, килә	2012 жылғы нақты тұтыну, килә	2013 жылғы нақты тұтыну, килә	2014 жылғы нақты тұтыну, килә	2015 жылғы нақты тұтыну, килә
1	2	3	4	5	6	7
1.	Дифторхлорметан (ГХФУ-22)	80,910	120,610	120,610	1,480	-
2.	Дихлордифторметан (ХФУ-12)	-	0,140	0,140	-	-
	Жиынтығы:	80,910	120,750	120,750	1,480	-

• Есеп беру кезеңі ішінде кемелердің тоңазытқыш жабдығын жөндеу және демдеу орындалды;

а) Ақтау қаласы «Астана» мұнай құю танкері. «Кемелік жабдық және сервис»:

- Caravella тоңазытқыш камерасы (R134a хладонымен демдеу -250 грамм);
- Caravella M520 тоңазытқыш камерасы (R134a хладонымен демдеу - 240 грамм);
- Caravella тоңазытқыш камерасы (R134a хладонымен демдеу -250 грамм)

б) «ТК Ақтау» мұнай құю танкері, Ақтау қаласы. «Кемелік жабдық және сервис»:

- тоңазытқыш камерасы (R134a хладонымен демдеу -240 грамм)

- ҚР энергетика Министрінің 15.04.2015 жылғы «Озон қабатын бұзатын заттарды есепке алу қағидасын бекіту туралы» № 285 бұйрығына сәйкес есеп беру кезеңі ішінде I-Топқа сәйкес есепке алынатын кемелердің ауа желдету жүйелерін және тоңазытқыш қондырғыларын хладонмен демдеу бойынша жұмыстар орындалмады;

- 2014 жылғы Менеджменттің біріктірілген жүйесі жөніндегі «Озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуды реттеу» бөлімінің 2.4.2-тармағына сәйкес ХФУ-12 және ГХФУ-22 салқындату сұйықтықтары ретінде пайдаланылатын тоңазытқыш жабдығы пайдаланудан шығарылды:

- а) «ҚТКФ-1» т/с – 1225-М Саратов тоңазытқышы (ХФУ-12), 1 дана;

- б) «Ертіс» т/с – Fuji Nippon тоңазытқышы (ГХФУ-22), 1 дана;

- в) «ТС Орал» т/с - Fuji Nippon тоңазытқышы (ГХФУ-22), 1 дана;

- қазіргі уақытта хладон ретінде пайдаланылатын ГХФУ-22 «Ертіс» магистралдық сүйреткіші мен «ТС Орал» магистралдық сүйреткіші тоңазытқышының ауа желдету жүйесі пайдаланудан шығарылды.

15. КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

15.1.Кадрлық саясат

ҚТКФ бүгінде қызметкерлер саны шамамен 260 адам құрайтын Қазақстан Республикасының теңіз саласындағы бірден бір ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылуда.

ҚТКФ еңбек ететін қызметкерлердің елеулі үлес салмағын жас шамасы 25-тен 45-ке дейінгі жасамыс топ, ол персоналдың 65 %-ын құрайды. Осы оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен іс-тәжірибесі мол қызметкерлер арасында бірқалыпты теңгерім байқалуда. ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы - 35. Жоғары білім алған қызметкерлер саны – 132, екі мәрте жоғары білім алған адам саны – 15, магистратураны тәмамдаған – 6, ғылыми дәрежесіне ие 1 адамды құрады.

Теңіз саласында 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар қызметкерлер ҚТКФ персоналының 78,6 %-ын құрап отыр. ҚТКФ еңбек ететін қызметкерлердің орташа жұмыс өтілі 7 жыл.

2015 жылы персонал тұрақсыздығы 12,8 % құрады.

ҚТКФ Кадрлық саясаты үздік корпоративтік практика шеңберінде қызметкерлер құрамымен қолға алынған жұмыстың бірыңғай әдістерін қамтамасыз етуді көздестіріп отырған корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы ҚТКФ дамуының стратегиясын іске асырудың тиімді кадрлық сүйемелдеуіне бағдарланып отыр. ҚТКФ Кадрлық саясатының негізгі мақсаты ҚМГ компаниялары тобы бойынша адам ресурстарын басқарудың бірыңғай жүйесіне бірігу арқылы барынша жоғары табыс көруге және экономикалық ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген,

жұмыс беруші сияқты қызметкер мүдделігінің үйлесімді сабақтасуына және ҚТКФ игілігі үшін өзара қатынастардың дамуына ықпалдасатын бәсекелес ортада озат болуды қамтамасыз етуге бағыттталып отырған қызметкерлер құрамының тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТКФ кадрлық саясаты қызметкерлер құрамымен жұмыс жүргізу саласында ең үздік іс-тәжірибені есепке ала отырып, кадрлық менеджменттің бұдан бұрын қалыптасқан әдістерін, ұзақ жылдар бойы жинақталған тәсілдері мен құралдарын өзара біріктіруге шақырады, осылайша персоналды басқару саласында ҚТКФ құндылықтарының корпоративтік жүйесінің бірыңғай әдістерін қалыптастырып, оларды пысықтау мүмкіндігін береді.

Кадрлық саясаттың өзекті проблемалары:

- Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемелерде командалық аға құрамның лауазымдарын алмастыру үшін қажетті теңіз мамандарының болмауы;
- Қазақстан Республикасында сертифицикатталған теңіз оқу базасының болмауы.

Кадрлық саясаттың негізгі бағыттары:

- жұмыспен қамту және жалдау саласындағы саясат;
- персоналды дамыту саласындағы саясат;
- еңбек жағдайларының сапасын арттыру;
- қазақстандық қызметкерлер үшін еңбектің және еңбекке ақы төлеудің тепе-тең жағдайларын қамтамасыз ету саясаты;
- корпоративтік мәдениет, мақсаттар мен құндылықтар трансляциясы саласындағы саясат.

ҚТКФ Кадрлық саясатын іске асыру аталмыш проблемаларды жоюды және ҚТКФ адам ресурстарын жаңа сапалы деңгейге шығаруды көздестіреді.

15.2. Кадрлардың даярлығын жүргізу

Өз алдында белгіленген мақсаттарды іске асыру ҚТКФ қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамын бизнес қажеттіліктеріне, қолданыстағы заңнама талаптарына және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге тиіс. Осы мәселенің өзектілігі Қазақстанда теңіз мамандығы бойынша білікті кадрлардың тапшылығын сезіну болып табылады.

ҚТКФ Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан білікті кадрлық құрамды қалыптастыру үшін теңіз мамандарын даярлау мақсатында, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының 27.11.2007 жылғы №152 хаттамалық шешімімен бекітілген Танкерлік флот және теңіз операцияларын қолдау флоты үшін қазақстандық кадрларды дамытудың 2007-2011 жылдарға

арналған бағдарламасына (Бағдарлама) сәйкес теңіз мамандарын даярлауды жүзеге асыруда.

Бүгінде осы Бағдарлама шеңберінде Санкт-Петербург қаласының «Адмирал С.О.Макаров атындағы ТМА» ЖКБ ФМЖМ төмендегі мамандықтар бойынша 18 курсант білім алуда:

- кеме жүргізу;
- электрмеханика;
- кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану.

Оқу бағдарламасына сәйкес 2015 жылы ҚТКФ кемелерінде 18 курсант жүзу практикасынан өтті, 8 курсантқа ашық теңізде ірі салмақты танкерлерде жүзу практикасынан өтуге жолдама берілді.

Жоғары оқу орындарында және арнайы орта оқу орындарында білім алған 10 курсанттың 4-уі ҚТКФ кемелеріне капитанның үшінші көмекшісі, үшінші механик және электрмеханик қызметіне жұмысқа алынды. 25 түлек капитанның үшінші көмекшісі, үшінші механик пен электрмеханик қызметтерінде еңбек етуде. 6 түлек ашық теңізге жұмысқа жіберілді.

ҚТКФ персоналын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ҚТКФ қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы Қағидалық ережеге сәйкес жүргізілуде. ҚТКФ Бас директоры бекіткен персоналдың 2016 жылғы Оқу жоспарына сәйкес 83 қызметкерді оқыту жоспарланды, нақты оқытылған қызметкерлер саны 54 адамды құрады.

Қызметкерлер құрамын аттестаттау және оларға баға беру

2015 жылы ҚТКФ бойынша аттестаттау жүргізілмеді.

Алайда, ҚТКФ қызметкерлерін және өндірістік персоналды бағалау қағидасына сәйкес қызметкерлер қызметінің нәтижелілігін бағалау тоқсан сайынғы негізде жүргізіліп отырады.

15.3. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру барысында Маңғыстау облысы халқының әлеуметтік қорғалмаған тобының жағдайына көңіл бөліп, қолдау көрсетуде. Осы орайда ҚТКФ 2004 жылы Азаматтарды әлеуметтік қорғау бағдарламасын әзірлеп, оның негізгі басым мәні ардагерлерге, жағдайы төмен отбасыларға және ата-анасынан айырылған жетім балаларға қамқорлық жасау болды.

- ҚТКФ 2002 жылдан бастап Алматы қаласында тұратын жауынгер-теңізшілерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне шефтік көмек көрсетіп келеді;

- ҚТКФ 2005 жылдан бастап Ақтау қаласында тұратын тыл майданының ардагерлері мен қатысушыларына шефтік көмек көрсетіп келеді;

- Ұлы Жеңістің 70 жылдық тойы қарсаңында 2015 жылғы 7 мамырда Отан Қорғаушысы Күніне ҚТКФ бойынша ардагерлерді марапаттау жөнінде мерекелік іс-шаралар өтті. ҚТКФ ұжымы ардагерлермен бірге Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің рухына тағзым етіп, Мәңгілік алауға гүл шоғырларын қойды. Осы еске алу рәсімі аяқталысымен ардагерлердің және Ақтау қаласы әкімінің қатысуымен Ұлы Жеңістің 70 жылдық тойы қарсаңында Компания тарапынан Ақтау қаласына жасаған сый тартуы және қала келбетін аббатандыруға қосқан үлесі ретінде ҚТКФ жаңа ғимаратына іргелес орналасқан Сквердің салтанатты іргетасын қалау рәсімі өтті. Аталмыш рәсімді өткізу барысында болашақ сквердің алғашқы ағаш-бұтақтары егілді. Сквердің құрылысы аяқталасымен ол қала тұрғындары мен Ақтау қаласы қонақтарының тынығу орнына айналып, қаламыздың сыртқы келбетін жақсарта түспек. Мереке жаңа ғимараттың атриумында жалғасын тапты. Маңғыстау облыстық қуыршақ театрының актерлері ардагерлер және ҚТКФ ұжымы алдында өз өнерін паш етті. Олардың назарына Ұлы Отан соғысы тақырыбында көрініс сахналанды. Аталмыш шара орайластырылған мерекелік дастархан жайылды. Дастархан басында, отаны үшін жаны пида болған сарбаздарға алғыс сөздер, ардагерлерге құттықтаулар айтылды.